


ТИІМДІ САЛЫМДАР ҮШІН ТИІМДІ КЕПІЛДІК





Жылдық есеп 2017



Мазмұны

Төрағаның үндеуі	4
Қор туралы	6
2017 жыл сандармен және фактілермен алғанда	8
2017 жылдың негізгі оқиғалары	10
Банк секторындағы оқиғалар	11
Депозиттерге кепілдік беру жүйесі қатысушыларының құрамындағы өзгерістер	11
Депозиттік порталды іске қосу	12
ҚДКБҚ – IADI халықаралық семинары және конференциясы	13
Жеке тұлғалар депозиттері нарығындағы оқиғалар	14
Корпоративтік басқару	16
Қатысушы банктер жарналарының сараланған мөлшерлеме жүйесі	18
Кепілдік берілетін өтемді төлеуге арналған арнайы резерв құру	20
Активтерді инвестициялық басқару	22
Кепілдік берілген өтемді төлеу	24
Мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссияларының жұмысы	26
Тәуекелдерді басқару жүйесінің дамуы	28
Жұртшылықты ақпараттандыру	30
Әдіснамалық жұмыс	34
Халықаралық ынтымақтастық	38
2017 жылғы әлеуметтік бастамалар	40
Тәуелсіз аудиторлар есебі	42

Төрағаның үндеуі

Құрметті достар, әріптестер және серіктестер!



2017 жыл Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының даму тарихында маңызды кезең болды: осы жылы біз депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушылары – екі банкті барлық банк операцияларын жүргізуге берілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі лицензиясынан айыру жағдайында жұмыс істедік.

«Қазинвестбанк» АҚ ҚРҰБ лицензиясынан 2016 жылғы 26 желтоқсанда айырылды, және 2017 жылғы мамыр айында қазақстандық банк жүйесі тарихында алғаш рет лицензиядан айырылған банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке бір мезгілде беру сияқты жеке тұлғалардың салымдарын сақтап қалу әдісі қолданылды. «Қазинвестбанк» АҚ активтері мен міндеттемелерінің бір бөлігін, соның ішінде 7,8 млрд. теңге сомасындағы жеке тұлғалар алдындағы міндеттемелерді сатып алушы «Альфа-Банк» АҚ Еншілес банкі болды.

Мұндай операцияны жүргізу мүмкіндігі қазақстандық заңнамада 2009 жылдан бері қарастырылған. Бұл – толыққанды заңнамалық негізі бар қазақстандық заңнамаға озық әлемдік практика мен тәжірибені біріктірудің мысалы. Заңнамада жеке тұлғаларды қорғауға басты назар аударылған: олардың депозиттері сатып алушы-банкке бірінші кезекте жіберілуі тиіс. Депозиттер есептелген сыйақыны қоса алғанда, толық көлемде жіберіледі. Осылайша, «Қазинвестбанк» АҚ салымшылары – жеке тұлғалар өз депозиттерін ішінара немесе толық көлемде алуға – не-

месе депозиттік шартқа қол қойып, өз салымдарын «Альфа-Банк» АҚ ЕБ сақтауды жалғастыру мүмкіндігін алды.

Активтер мен міндеттемелерді «Альфа-Банк» АҚ ЕБ бір мезгілде беру мәмілесін жасау сәтіне дейін «Қазинвестбанк» АҚ Уақытша әкімшілігінің құрамында ҚДКБҚ төрт қызметкері болды; 2017 жылдың соңынан бері Уақытша әкімшілік құрамында ҚДКБҚ бір қызметкері қызмет етуде.

2017 жылы 2 қарашада «Delta Bank» АҚ барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айрылды. Уақытша әкімшілік құрамында ҚДКБҚ 4 қызметкері қызмет етті. Банкті лицензиядан айыру күнінде кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша ҚДКБҚ міндеттемелері шамамен 120 млн. теңгені құрады. Сот шешімімен банкті мәжбүрлеп таратқан жағдайда кепілдік берілген өтем төленетін 2 244 жеке тұлғаның ішінде 2 242 адамда кепілдік берілген өтемнің ең жоғары сомасы шегінде депозиттері бар екендігін атап өтемін.

ҚДКБҚ таратылатын банктердің салымшылары алдында өз міндеттемелерін уақытылы және толық орындау үшін жеткілікті болатын ақшалай және инфрақұрылымдық мүмкіндіктерге ие. Кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған ҚДКБҚ қаражаты жарғылық капитал үлесі мен өтемді төлеуге арналған арнайы резерв қаражатын қоса алғанда, 568,6 млрд. теңгені құрайды. ҚДКБҚ капиталдандыруды ұлғайту мақсатында ҚДКБҚ Жалғыз акционері – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі – ҚДКБҚ жарғылық капиталына 21,4 млрд. теңге сомасында жыл сайынғы жарна салды. ҚДКБҚ жарғылық капиталы 235,8 млрд. теңгені құрайды, және бұл ақша қаражатының 70% қажет болған жағдайда кепілдік берілген өтемді төлеуге жіберілуі мүмкін. ҚДКБҚ арнайы резерві 459,1 млрд. теңгені құрайды; бұл резервтің 52,4%-ы депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің жарналары есебінен қалыптастырылды. 2017 жылы жарна көлемі арнайы резерв өсімінің 55% қамтамасыз етіп, 35,1 млрд. теңгені құрады.

Соңғы деректер бойынша, ҚДКБҚ кепілдігі депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерде ашылған жеке тұлғалардың депозиттік шоттарының 99,7% жабады. ҚДКБҚ Директорлар кеңесімен бекітілген арнайы резервтің мақсатты деңгейі 2017 жылға

6,3% құрады. Арнайы резервтің нақты деңгейі 2017 жылы жарғылық капиталдың 70% ескермегенде депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктеріндегі жеке тұлғалардың жиынтық депозиттік қорының 5,6%-ын, ал жарғылық капиталдың 70% есепке алғанда – 6,9%-ын құрайды.

Инфрақұрылымдық түрде ҚДКБҚ өзіндік IT-шешімдер сияқты құралдарға ие: «БАТА» ақпараттық жүйесі – жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу үшін, «SalT Insect» ақпараттық жүйесі – депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы – банктердегі жеке тұлғалардың депозиттері бойынша дерекқор жүргізу тәртібін 100% автоматтандырылған тексеру үшін. Төлем төлеу процесін автоматтандыруға арналған «SalT Payout» ақпараттық жүйесі өнеркәсіптік пайдалануға тапсырылды.


2017 жылы қараша айында біз Қазақстан Республикасы үшін бірегей жоба – жеке тұлғалардың депозиттері бойынша бірыңғай шоғырландырылған дерекқорды ұсындық. Бұл қазіргі сәтте депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің барлығындағы ұсынылатын, депозиттік өнімдер туралы ақпаратты табуға және салыстыруға мүмкіндік беретін салымшыларға арналған интернет-ресурс. Бұл ресурстың бірегейлігі – ақпараттың коммерциялық емес тұрғыда берілетіндігі; пайдаланушылардың сұраныстары бойынша жауаптар тек сауал өлшемдеріне байланысты құрастырылады. Депозиттік порталдың басқа міндеті – жеке қаражаттарды басқаруда алдын ала ойластырылған және ақпараттандырылған шешімдерді қабылдауға ықпал ету. Осылайша, Депозиттік порталда салымшылар тек қолайлы депозитті таңдап қана қоймай, сонымен бірге банктердің қаржылық көрсеткіштерін салыстырып, олардың сенімділігін бағалай алады. Сөйтіп, осы жобаны дамытудың миссиясы мен әлеуеті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қазақстандықтардың қаржы мәдениетін дамыту саласындағы жүйелі саясатымен келісілді.

2016–2017 жыл ішінде тағы бір аса маңызды жоба ретінде Дүниежүзілік банк, Қазақстан Республикасының Үкіметі және ҚРҰБ арасындағы келісім аясында Дүниежүзілік банк мамандарының Қазақстан Республикасында депозиттерге кепілдік беру жүйесіне тәуелсіз бағалау жүргізуі болды. Бағалаудың әдіснамасы Депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелеріне арналған негізге алынатын қағидаттарға сүйенді. Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы 2014 жылы әзірлеген бұл құжат салымдарды сақтандыруда халықаралық «алтын стандарт» болып табылды. Дүниежүзілік банк операциялық процестердің және институционалдық, заңнамалық негіздің тиімділігі тұрғысынан алып қарағанда, ҚДКБҚ қызметін тұтастай қамтитын бағалау жүргізді. Бірінші кезекте, тәуелсіз бағалау операциялық мәселелерде: банкті таратқан жағдайда салымшылармен есеп айырысу жүргізу тәртібінде, тарату өндірісінің қызметінде озық әлемдік тәжірибеге сәйкес келмеушілікті анықтаған жоқ. Банк дерменсіздігін реттемеу, елдегі қаржылық тұрақтылыққа жауап беретін мемлекеттік органдардың өзара әрекет ету процесінде ҚДКБҚ функциялары мен өкілеттіктерін күшейту бойынша дамытудың келешектегі бағыттары да айқындалды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі, Дүниежүзілік Банкі және ҚДКБҚ арасындағы үш жақты пікірлесу барысында бұл ұсыныстар мен бастамалар оң шешімін тапты.

Дүниежүзілік банктің тәуелсіз бағалау нәтижелері ауқымды оқиға – Халықаралық семинар және конференция барысында халықаралық кәсіби қоғамдастыққа ұсынылды. Бұл оқиға ҚДКБҚ және Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығымен (IADI) бірлесіп, ұйымдастырылған еді. ҚДКБҚ әлемнің 15 елінен келген депозиттерге кепілдік беру ұйымдарының бірінші басшылары, бірінші басшылардың орынбасарлары және жетекші талдаушылары деңгейінде депозиттерге кепілдік беру саласындағы 39 сарапшыны қабылдау құрметіне ие болды. Сонымен қатар Депозиттерді сақтандыру жүйелері халықаралық қауымдастығының өкілдері – Бас хатшы Дэвид Уолкер, IADI тәуелсіз кеңесшісі Виджей Дешпанде, талдаушы Николай Константинович Ремчуков қатысты. Бұл оқиғаны өткізу біз үшін үлкен мәртебе болып қана қоймай, сонымен бірге табысты іске асуына ҚДКБҚ ұжымының барлық қызметкерлері ат салысқан аумақты жоба болды. Семинар мен конференцияның екі күнге созылған бағдарламасы барысында бүкіл әлем бойынша депозиттерге кепілдік беру ұйымдарының күн тәртібінде тұрған екі маңызды сұрақ көтерілді: проблемалық банктердің дерменсіздігін реттеудегі процестер мен озық тәжірибе және ислам банктеріне салынған депозиттерге кепілдік беру.

Халықаралық семинар мен конференцияның барлық қатысушыларына және спикерлеріне, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі және «ҚДКБҚ» АҚ Директорлар кеңесінің өкілдеріне осы оқиғаны қолдағаны үшін алғыс білдіреміз. Біз 2018 жылы халықаралық кәсіби қауымдастықпен, IADI ынтымақтастықта болу бағытын жалғастырамыз және біздің ауқымды міндеттерді орындау аясында Қазақстан Республикасында депозиттерге кепілдік беру жүйесін дамыту саласында және озық әлемдік тәжірибені заңнама мен біздің бизнес-процестерге енгізу бойынша жаңа бірлескен жобалар мен қомақты зерттеулерді іске асырамыз деген сенімдеміз.

Құрметпен,
Бақыт Қоғылов
«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Төрағасы



Қор туралы



Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры экономикалық дағдарыстан кейін елдің қаржылық жүйесінің тұрақтылығын қолдау мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен 1999 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің №393 қаулысына сәйкес 1999 жылы қараша айында құрылды. Қор акционерлік қоғамның ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында қызмет етеді. Қор Құрылтайшысы және жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылады.

Қордың миссиясы

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын және Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банк депозиторларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуде қолайлы қатысушы болу.

Дүниетанымдық тұжырымдамасы

Қор мыналарға ұмтылады:

- ▶ Депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйелері үшін негізге алынатын қағидаттарға сәйкес келу;
- ▶ әлемдік озық тәжірибенің жетістіктерін пайдаланып, миссияны іске асыру.

Стратегиялық міндеттері

- ▶ Қаржы жүйесінің тұрақтығын қамтамасыз етуге қатысу.
- ▶ Қатысушы — банкті мәжбүрлеп таратқан жағдайда депозиттеріне кепілдік берілген депозиторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

Қызметтің негізгі қағидалары

- ▶ Депозиттерге кепілдік беру жүйесінде депозиттерді қабылдауды жүзеге асыратын банктердің міндетті түрде қатысуы, жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің банк шоттарын ашу және жүргізу.
- ▶ Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету.
- ▶ Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қызмет етуіне байланысты тәуекелдерді азайту.
- ▶ Салымшылар — жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге кепілдік берілген өтемді қайтаруға арналған арнайы резервті қалыптастырудың жинақтау сипаты.

Қазақстан Республикасы заңнамасымен жүктелген міндеттерді атқару үшін Қор келесі функцияларды орындайды:

- ▶ қатысушы банктің жеке тұлға салымшыларына — кепілдік берілген өтем төлейді;
- ▶ депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің тізілімін жүргізеді;
- ▶ өз активтерін инвестициялайды;
- ▶ кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резервті қалыптастырады;
- ▶ конкурстік негізде — банк-агентті таңдайды;
- ▶ қатысушы банкті консервациялау кезінде, қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізуге берілген лицензиядан айыру кезінде тағайындалатын уақытша әкімшілік құрамына қатысады;
- ▶ тарату комиссиясы төленген (төленетін) кепілдік берілетін өтем сомасы бойынша қарызды төлеу сәтіне дейін мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің тарату комиссиясының құрамына қатысады;
- ▶ тарату комиссиясы төленген (төленетін) кепілдік берілетін өтем сомасы бойынша қарызды төлеу сәтіне дейін мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің кредиторлар комитетінің құрамына қатысады;
- ▶ қатысушы банктердің жарнаны төлеу мөлшері мен тәртібін белгілейді, жарналардың толық және уақытылы төленуін бақылауды жүзеге асырады;
- ▶ қосылу шартының талаптарын белгілейді.

Кепілдік сомасы және объектілері

Кепілдік объекті банк клиенттері — жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің ағымдағы шоттары мен төлем карталарындағы ақша болып табылады. Ерекшелік ретінде талап етуге дейінгі пайызсыз депозиттерді және ислам банктеріне салынған инвестициялық депозиттерді айтуға болады.

Қор кепілдік берілген депозиттер бойынша кепілдік берілген өтемді есептелген сыйақысыз (банктік салым шартына сәйкес капиталдандыратын сыйақыны қоспағанда) депозит бойынша қалдық сомасында тек ұлттық валютада төлейді, бірақ мыналардан аспауы тиіс:

- ▶ ұлттық валютадағы депозиттер бойынша — 10 миллион теңгеден;
- ▶ шетел валютасындағы (баламасындағы) депозиттер бойынша — 5 миллион теңгеден.

Қатысушы банкте жеке тұлға — депозиторының түрлері және валютасы бойынша әр түрлі, бірнеше кепілдік берілген депозиттері болған жағдайда, кепілдік берілетін өтем он миллион теңгеден аспайтын сомада төленеді. Бірнеше қатысушы банкте орналастырылған жеке тұлғаның салымдары мен шоттарына жеке-жеке кепілдік беріледі.



2017 жыл сандармен және фактілермен алғанда

2016 (2017 жылдың басына)

2017 (2017 жылдың соңына)

Қаржылық көрсеткіштер

502,9	Кепілдік берілген өтемді төлеуге қол жетімді ҚДКБҚ қаражаты	568,6
214,4	Жарғылық капитал (млрд. теңге)	235,8
35,4	Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктерінің жарналары (млрд. теңге)	35,1
6,3%	Арнайы резервтің мақсатты деңгейі (депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттік базасынан алынған %)	6,3%
6,4%	Арнайы резервтің нақты деңгейі	6,9%
567,3	Активтердің ағымдағы құны (млрд. теңге)	689,7
46,1	Инвестициялық табыс (млрд. теңге)	38,6

Депозиттерге кепілдік беру жүйесі

32	Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктер саны (31 желтоқсанға)	30
7 902	Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттері (млрд. теңге)	8 221
+14,9%	Депозиттік базаның жылдық өсімі	+4%

2016 (2017 жылдың басына)

2017 (2017 жылдың соңына)

Кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша міндеттемелер

93%

«Валют-Транзит Банк» АҚ салымшылары
алдындағы міндеттемелерді төлеу үлесі

97%

0,50

«Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына
кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша
міндеттемелердің қалдығы (млрд. теңге)

0,47

1

Банк операцияларын жүргізуге берілген ҚРҰБ
лицензиясынан айрылған банктер саны, жыл ішінде

1

8 292

«Қазинвестбанк» АҚ
Өтемді алу құқығына ие болған жеке
тұлғалар саны

2 244

«Delta Bank» АҚ

0,77

ҚДКБҚ шартты міндеттемелері (банкті банк
операцияларын жүргізуге берілген ҚРҰБ
лицензиясынан айыру күніне, млрд. теңгеде)

0,12

Кепілдік берілген өтемді төлеуге дайындықты қамтамасыз ету

6

Қайталамаларды қоса алғанда, дерекқордың
қосылу Шартының талаптарына сәйкес келуін
белгілеу бойынша іс-шаралар саны

5

23

Дерекқорды өз бетінше тестілеу үшін
«Salt Inspect» АЖ орнатқан банктер саны

25



2017 жылдың негізгі оқиғалары

Банк секторындағы оқиғалар

«Қазинвестбанк» АҚ. 2016 жылы 26 желтоқсанда «Қазинвестбанк» АҚ банктік және өзге де операцияларды жүргізуге арналған ҚРҰБ лицензиясынан айрылды. 2017 жылғы 23 мамырда, қазақстандық банк жүйесі тарихында алғаш рет лицензиядан айырылған банктің активтері мен міндеттемелерін бір реттік беру арқылы сатып алушы банк – «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-на сомасы 7,8 млрд. теңге жеке тұлғалар алдындағы, сомасы 6 млрд. теңгеден 8 млрд. теңгеге дейін заңды тұлғалар алдындағы «Қазинвестбанк» АҚ міндеттемелері, сондай-ақ сомасы 3,2 млрд. теңге «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ зейнетақы қаражаты тапсырылды.

«Delta Bank» АҚ. 2017 жылы 2 қарашадағы ҚРҰБ Басқармасының №194 Қаулысымен «Delta Bank» АҚ 3 қарашадан бастап банктік және өзге де операцияларды жүргізуге берілген лицензиядан айрылды. ҚДКБҚ жеке тұлғалар банк салымшылары алдындағы кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша міндеттемелер сомасы банкті лицензиядан айыру күнінде 120,1 млн. теңгені құрады; оң қалдықтарға ие болған салымшылар саны 2 244. Банктің Алматы қ. бас кеңсесі және Астана мен Ақтау қалаларында филиалдары болды.

2017 жылдың соңындағы жағдай бойынша «Delta Bank» АҚ уақытша әкімшілігінде ҚДКБҚ 4 қызметкері жұмыс істеді.

Депозиттерге кепілдік беру жүйесі қатысушыларының құрамындағы өзгерістер

Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы Заңға сәйкес ҚРҰБ депозиттер қабылдауға, жеке тұлғалардың шоттарын ашуға және жүргізуге лицензия алған банктер депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады. Қазіргі уақытта қатысушылар саны 30 банкті құрайды.

2017 жылы депозиттерге кепілдік беру жүйесінен екі банк шығарылды:

- 1) «Заман-Банк» АҚ – исламдық банктің лицензиясын алуына байланысты;
- 2) «Delta Bank» АҚ – банктік және өзге де операцияларды жүргізуге берілген лицензиядан айыруға байланысты.

2017 жылы 4 қыркүйекте «Заман-Банк» АҚ өз еркі бойынша ислам банкіне қайта құруға байланысты депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушысы куәлігін қайтаруды жүзеге асырды. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңына сәйкес «Заман-Банк» Ислам банкі»

АҚ депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктер тізілімінен шығарылды.

2017 жылғы 3 қарашадан бастап банкті банктік және өзге де операцияларды жүргізуге берілген лицензиядан айыруына байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2017 жылғы 2 қарашадағы №194 қаулысымен «Delta Bank» АҚ депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен шығарылды. ҚРҰБ Төрағасының бұйрығымен «Delta Bank» АҚ басқарудың барлық органдарының өкілеттіктері берілген уақытша әкімшілік тағайындалды. Уақытша әкімшілік құрамына ҚРҰБ және ҚДКБҚ мамандары кірді.

Депозиттік порталды іске қосу

Депозиттік портал – бұл Қазақстан Республикасы үшін бірегей интернет-алаң, онда нарықта ұсынылған барлық депозиттік өнімдер, және екінші деңгейдегі банктердің қаржылық жағдайы туралы өзекті және шынайы мәліметтер жинақталған. Депозиттік порталдың негізгі мақсаты – депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерінде өз жинақтарын салу кезінде қазақстандықтардың қаржылық сауаттылығын арттыру.

29 қарашада www.deposit-kdif.kz депозиттік порталы «Интерфакс-Қазақстан» Ақпараттық агенттігінің Баспасөз орталығында баспасөз конференциясы барысында жұртшылыққа ұсынылды. Ақпараттық портал және депозиттер бойынша әмбебап дерекқор Қор қызметкерлерінен тұратын арнайы жұмыс тобы қызметінің нәтижесінде болды. Жұмыс 2017 жыл бойы жүргізілді.

Портал өз қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асыратын банктердің барлық депозиттік өнімдері бойынша бірыңғай шоғырландырылған дерекқор түрінде беріледі, және салымшыларға өз бетінше талдау жүргізіп, нақты бір артықшылықтар мен қолайлы тәуекел деңгейін ескере отырып, оңтайлы депозиттік өнімді таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, Депозиттік порталдың артықшылығы – банктердің депозиттік өнімдері және олардың қаржылық жағдайы туралы ұсынылатын мәліметтердің өзектілігі мен шынайылығы.

Осыған байланысты, Депозиттік порталдың міндеті мыналар болып табылады:

- 1) депозиттер нарығында әділ нарықтық жағдайларды құру;
- 2) жосықсыз бәсеке, заңсыз жолмен ақшаның жылыстау жағдайларының туындауын болдырмау, және;
- 3) қатысушы банктер үшін өз өнімдерін жетілдіруге, қызметінің көрсеткіштерін арттыруға және жаңа технологияларды енгізуге ынталандыру жасау.

Депозиттік портал идеясы ақпараттық құрамдас бөлікке негізделген және пайдаланушылар үшін Қор тарапынан қандай да бір депозиттік өнімді немесе банкті таңдауда қандай да бір қорытындылар мен ұсыныстарды болжамайды. Депозиттік портал субъектілерге және орналастырылатын ақпарат объектілеріне риясыз көзқараспен тәуелсіз ақпараттық алаң ретінде болады. Пайдаланушылар ақпаратты салыстырып және тәуекел мен табыстылықты ескере отырып, өз бетінше ақша қаржысын салу туралы қорытынды жасайды.

Келешекте Қор депозиттік порталда депозиттік өнімдерді және банктердің қаржылық жағдайын талдау құралдарын дамытуды жоспарлап отыр, бұл пайдаланушыларға ақылға қонымды және жан-жақты зерделенген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, порталда халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға және олардың портал ұсынатын ақпаратты қолдану және талдау тәртібін түсінуге бағытталған сараптамалық және ақпараттық-білім беру материалдарын орналастыру жоспарлауда. Депозиттік портал тек қаржылық сауаттылықты арттырып қоймай, сонымен қатар тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының депозиттерге кепілдік беру жүйесіне және қаржы жүйесіне деген сенімін нығайтуға, халықтың пайыздық мөлшерлемелердің өзгерістеріне дер кезінде қимылдауын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деп күтілуде.

ҚДКБҚ — IADI халықаралық семинары және конференциясы

4–5 қыркүйекте Алматы қ. «Ислам банктерінде орналастырылған депозиттерді сақтандырудың және депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйесі үшін негізге алынатын қағидаттар» атты тақырыпта Халықаралық семинар және конференция, сондай-ақ IADI Еуразия аймақтық комитетінің Жалпы жылдық жиналысы өтті. Бұл іс-шара ҚДКБҚ және Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығымен (IADI) бірлесіп ұйымдастырылды.

Оқиғаның күн тәртібі екі өзекті тақырыпқа арналды:

- 1) проблемалық банктерді қалпына келтіру және реттеу, дағдарысқа қарсы басқару және тарату процесін жүргізу саласындағы озық әлемдік тәжірибе;
- 2) ислам банктерінде орналастырылған депозиттерге кепілдік беру.

Халықаралық семинар және конференцияға әлемнің 15 елінен келген депозиттерге кепілдік беру ұйымдарының бірінші басшылары, бірінші басшылардың орыбасарлары және бас сарапшылар деңгейінде 39 өкіл қатысты, олардың ішінде – Ресей Федерациясының Салымдарды сақтандыру бойынша Агенттігі (АСВ), АҚШ Депозиттерді сақтандыру бойынша Федералды корпорациясы (FDIC) өкілдері, сондай-ақ ТМД, Жапония, Корея, Малайзия, Индонезия, Түркия, Иордания, Польша, Болгария елдерінің депозиттерге кепілдік беру ұйымдарының өкілдері болды.

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) өкілдері: Төраға орынбасары О.А. Смоляков, Қаржылық тұрақтылық департаментінің Директоры С.Т. Хакімжанов, «ҚДКБҚ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің еңбек сіңірген қызметкері Б.Ш. Тәжияқов қатысты. Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығынан Бас хатшы Дэвид Уолкер ([David Walker](#)), IADI тәуелсіз кеңесшісі Виджей Дешпанде ([Vijay Deshpande](#)), зерттеу жұмысы саласындағы сарапшы К.Ремчуков қатысты.

Халықаралық конференция барысында Ресейдің, Украинаның, Польшаның, Жапонияның және Индонезияның депозиттерге кепілдік беру ұйымдарының өкілдері проблемалық банктерді реттеу саласында: қаржылық сауықтыру (қалпына келтіру), дағдарысқа қарсы басқару, лицензиядан айрылған банктің активтері мен міндеттемелерін сатып алушы банкке бір реттік беруді жүзеге асыру, тарату процесін жүргізу және өтемдерді төлеу бойынша практикалық тәжірибелерімен бөлісті. Халықаралық конференцияның бірінші күні Дүниежүзілік банктің Бас қаржылық экономисті Колин Масеник ([Colleen Mascenik](#)) Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру жүйесінің IADI Де-

позиттерге кепілдік берудің тиімді жүйелеріне арналған он алты негізге алынатын қағидаттарына сәйкес келуін тәуелсіз бағалау нәтижелерін жариялады. Баяндамада Қор қызметінің және Қазақстан Республикасы заңнамалық қорының келесі бағыттар бойынша Негізгі алынатын қағидаттарда берілген стандарттар мен ұсыныстарға сәйкес келуі атап өтілді:

- ▶ банктердің депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысу тәртібі;
- ▶ өтем сомасы және кепілдік беру объектілері;
- ▶ салымшыларға кепілдік берілген өтемдерді төлеу тәртібі;
- ▶ тарату өндірісі: тарату өндірісі барысында кепілдік берілген өтемдерді төлеумен байланысты ҚДКБҚ шығындарын өтеу.

Сонымен бірге Дүниежүзілік банктің баяндамасында жүйелік банк дағдарысы мен проблемалық банктерді қалпына келтіру жағдайында резервті қаржыландыру тетіктерін нығайту қажеттілігі атап өтілді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасында депозиттерге кепілдік беру жүйесін әрі қарай дамытудың Қордың банктерді реттеу саласындағы функциялары мен өкілеттіктерін заңнамалық деңгейде күшейту, жүйелі маңызы бар банкті мәжбүрлеп таратқан жағдайда ҚРҰБ-пен әрекет етуді үйлестіру тәртібін қайта қарау сияқты мәселелер мен перспективалық бағыттар да көтерілді. Дүниежүзілік банк өкілдері сондай-ақ ҚРҰБ үш жақты кездесулер өткізу аясында кейбір пікірлер мен ұсыныстардың оң шешім тапқандығын және жақын болашақта Қазақстан Республикасының заңнамасында орын алуы мүмкін екендігіне де тоқталды.

IADI Бас хатшысы Дэвид Уолкер Қорға іс-шараның сәтті өткізілгені үшін алғыс білдірді, сондай-ақ соңғы екі жыл ішінде Қордың операциялық қызметті жетілдіру бағытында қарқынды қызмет атқарып келгендігін атап өтті. Сонымен бірге, қызметтің IADI әдіснамасы бойынша негізге алынатын қағидаттарға сәйкес келуін тәуелсіз бағалау жүргізілді; тәуелсіз бағалау жүргізу үшін Дүниежүзілік банктің өкілдері кеңесші ретінде қатыстырылды. Қауымдастық Қордың мұндай бастамаларын және алынған ұсыныстарды келеңдеп іске асыруға дайын екендіктерін жоғары бағалайды.




Жеке тұлғалар депозиттері нарығындағы оқиғалар

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттері 8,2 трлн. теңгені құрады, бұл ретте депозиттік база жыл басынан бері 319,4 млрд. теңгеге, немесе 4% артты. Жеке тұлғалар шоттарының саны бір жыл ішінде 7,4% артты және 2018 жылғы 1 қаңтарға 46,4 млн. құрады.

Жеке тұлғалардың теңгеде ашылған шоттарының үлесі тұрақты түрде басымдылық көрсетуде: 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша теңгедегі шоттар саны 95%, шетел валютасындағы шоттар саны – небәрі 5% құрады. Сонымен бірге жеке тұлғалардың жалпы санының 81% – ағымдағы шоттар мен карт-шоттар, 19% – салымдар.

Жеке тұлғалардың теңгеде және шетел валютасындағы депозиттерінің өзгеру динамикасы




Есепті жылы ұлттық валютадағы жеке тұлғалардың жинақтарының артқаны байқалады: теңгедегі депозиттердің өсуі бір жылда 31% (+926,3 млрд. теңге), ал шетел валютасындағы депозиттердің төмендеуі – 12,3% (–606,9 млрд. теңге) құрады. Ұлттық валютадағы жеке тұлғалар депозиттерінің үлесі 2017 жылдың соңында 47,6%, шетел валютасындағы жеке тұлғалар депозиттерінің үлесі – 52,4% құрады (2016 жылы, сәйкесінше 37,8% және 62,2% болды).

2017 жылдың қорытындысы бойынша жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі бойынша бес көшбасшы қатарына келесі банктер енді:

- ▶ «Қазақстан Халық жинақ Банкі» АҚ, депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерде ашылған жеке тұлғалардың барлық депозиттерінен жалпы үлесі 19,9% дейін, және жеке тұлғалар депозиттерінің жылдық өсімі 2,2 млрд. теңге (+0,1%);
- ▶ «Қазкоммерцбанк» АҚ, нарықтағы жалпы үлесі 17,0%, жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы өсімі 3,2 млрд. теңге (+0,2%);
- ▶ «Kaspi Bank» АҚ нарықтағы жалпы үлесі 10,6%, жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы өсімі 129,2 млрд. теңге (+17,5%);
- ▶ «Ресей Жинақ банкі» АҚ ЕБ нарықтағы жалпы үлесі 8,5%, жылдық өсімі +72,1 млрд. теңге (+11,5%);
- ▶ «Цеснабанк» АҚ нарықтағы жалпы үлесі 8,4%, жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы өсімі 12,9 млрд. теңге (+1,9%).

2018 жылғы 1 қаңтарға берілген негізгі санаттар бойынша жеке тұлғалар депозиттерінің құрылымы



Қатысушы банктердің мәліметтеріне сәйкес жеке тұлғалардың депозиттері бойынша, 2018 жылғы 1 қаңтарға жеке тұлғалардың салымдары құрылымында ең үлкен үлесті (89,5%) жалпы сомасы 7,4 трлн.теңгені құрайтын мерзімді және шартты салымдар құрады; салымдардың бұл түрі бойынша өсім бір жыл ішінде 247,7 млрд. теңгені (+3,5%) құрады. Әрі қарай жиынтық депозит портфеліндегі үлесі 10,3% (842,9 млрд. теңге) ағымдағы және карт-шоттардағы ақша қалдықтары жайғасты; депозиттердің бұл түрі бойынша өсім бір жыл ішінде 70,4 млрд. теңгені (+9,1%) құрады. Талап етілгенге дейінгі салымдар сомасы депозиттердің жалпы көлемінің 0,2% құрайды; есепті жылы 1,3 млрд. теңгеге өсім байқалды.

Жеке тұлғалардың депозиттік базасының артуы ең алдымен ұлттық валютадағы мерзімді және шартты салымдардың 835,3 млрд. теңгеге (немесе 34,5%) артуымен шартталған. Сонымен бірге осы салымдардың таза жылдық өсімі 247,7 млрд. теңгені (3,5%) құрады – бұл шетел валютасындағы берілген салымдардың 587,7 млрд. теңгеге азаюына байланысты. Бұл ретте 5 млн. теңгеге дейінгі мерзімді және шартты салымдардың өсуі 221,2 млрд. теңгені (12,5%), 5 млн. теңгеден 10 млн. теңгеге дейінгі – 158,1 млрд. теңгені (21,3%) құрады, ал 10 млн. теңгеден асатын мерзімді және шартты салымдар бойынша 131,6 млрд. теңгеге (–2,9%) кему орын алды.



Корпоративтік басқару

Қор құрылтайшысы — Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Жалғыз акционер ҚРҰБ Қорды басқарудың жоғарғы органының функцияларын жүзеге асырады.

ҚРҰБ Төрағасының бұйрығына сәйкес, Акционердің құзыретіне жатқызылатын барлық сұрақтар бойынша шешімдерді ҚРҰБ Төрағасының орынбасары Құрманов Жанат Бостанұлы қабылдайды.

Қордың Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің Төрағасынан және Директорлар кеңесінің екі мүшесі: тәуелсіз директордан және Қор Төрағасынан тұрады. Директорлар кеңесінің Төрағасы — ҚРҰБ Төрағасының орынбасары Смоляков Олег Александрович.

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар кеңесі

СМОЛЯКОВ

Олег Александрович

«ҚДКБҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
Төрағасы,
ҚРҰБ Төрағасының орынбасары

ҚОҒЫЛОВ

Бақыт Бектұрғанұлы

«ҚДКБҚ» АҚ Төрағасы

ТӘЖИЯҚОВ

Бисенғали Шамғалиұлы

Тәуелсіз директор

2017 жылы Директорлар кеңесінің 17 отырысы, соның ішінде үш көзбе-көз отырыс өткізілді. Он төрт шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды. «ҚДКБҚ» АҚ Директорлар

кеңесінің жанында стратегиялық жоспарлау, тәуекелдерді басқару, ішкі аудит, кадрлар, сыйақы беру және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі комитет қызмет етеді.

«ҚДКБҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы қызметінің қорытындысы

- ▶ «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін, ақпараттық және операциялық жүйелермен жұмыс жасауды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі жұмысты ұйымдастыру Регламенті бекітілді.
- ▶ Жеке тұлғалардың қайта тартылатын депозиттері бойынша ең жоғарғы ұсынылатын сыйақы беру мөлшерлемелері бекітілді (екі рет).
- ▶ «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ ішкі аудит Қызметінің 2017 жылға берілген тексеру жоспары бекітілді.
- ▶ Ішкі аудит Қызметінің, тәуекел-менеджердің есептері мерзімді түрде қаралды.
- ▶ Қосылу шартына берілген өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.
- ▶ Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшерін және төлеу тәртібін белгілеу Қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.
- ▶ Тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыру Қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.
- ▶ Қордың арнайы резервінің 2018 жылға берілген мақсатты деңгейі бекітілді.
- ▶ Қордың 2016 жылғы жылдық қаржылық есебі алдын ала бекітілді.
- ▶ Жеке тұлғалардың қайта тартылатын депозиттері бойынша ең жоғарғы ұсынылатын сыйақы беру мөлшерлемесінің көлемін анықтау және белгілеу Әдістемесіне өзгерістер бекітілді.
- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ-да қорғауға жататын мәліметтердің сақталуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.
- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ 2017 жылға берілген Бизнес-жоспарына (жылдық бюджет) өзгерістер бекітілді.
- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ 2017 жылғы Есеп саясаты жаңа редакцияда бекітілді.
- ▶ Еуразия аймақтық комитеттің Жылдық жиналысының және Депозиттерді сақтандыру жүйелері халықаралық қауымдастығының (IADI) Халықаралық семинар-конференциясының қорытындылары туралы «ҚДКБҚ» АҚ есебі қарастырылды және мақұлданды.
- ▶ Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктің депозиттік өнімдері бойынша шоғырландырылған дерекқор құру жобасын (Депозиттік портал) енгізудің мәртебесі туралы есеп қаралды және ескерілді.

- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ қызметкерлеріне сыйақы беру Ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.
- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ Салықтық есепке алу саясатына жаңа редакцияда бекітілді.
- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ 2012–2016 жылдарға (2016 жылға берілген бөлігі) даму жоспарын орындау бойынша есеп, «ҚДКБҚ»

АҚ 2017–2021 жылдарға (2017 жылғы жоспарлы кезеңге берілген бөлігі) даму жоспары бекітілді.

- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ 2018 жылға берілген Бизнес-жоспары (жылдық бюджет) бекітілді.

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Консультативтік кеңесі

«ҚДКБҚ» АҚ Консультативтік кеңесі – бұл депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің мүдделерін қорғайтын және олардың өкілдерінен құрастырылған алқалық консультативтік орган.

Консультативтік кеңестің алдында төрт негізге алынатын міндет тұр:

- ▶ қатысушы банктер тұрғысынан, Қазақстан Республикасындағы депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарына қатысты ұсыныстарды дайындау және қарастыру;
- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ Директорлар кеңесіне қарауға ұсынылатын қосылу Шартына міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшерін белгілеу және төлеу тәртібін анықтау Ережелеріне және Қордың өзге де актілеріне берілген өзгерістер мен толықтырулар жобаларын алдын ала қарау;

- ▶ Қосылу шарты аясында қатысушы банктердің өз міндеттемелерін орындау барысында туындауы мүмкін болатын түсініксіздіктерді, олқылықтар мен қайшылықтарды жоюға қатысты ұсыныстар әзірлеу;
- ▶ Қосылу шартымен көзделген қатысушы банктердің өз міндеттемелерін, соның ішінде – жарналар мен айыппұлдарды төлеу бойынша міндеттемелерін орындамау мүмкін болатын жағдайларды болдырмау үшін ұсыныстар әзірлеу.

«ҚДКБҚ» АҚ Консультативтік кеңесінің мүшелері жыл сайын депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктердің қорытынды отырыстарында сайланады. Консультативтік кеңестің Төрағасы жыл сайын кеңес мүшелері арасынан сайланады. 2017 жылы Консультативтік кеңестің төрағасы болып «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ өкілі сайланды.

Қордың Консультативтік кеңесінің 2017 жылғы құрамы

Қордың Консультативтік кеңесінің құрамына 2017 жылы депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы 10 банктің өкілдері кірді:

- 1) «Қазақстан Халық жинақ Банкі» АҚ (Консультативтік кеңестің төрағасы);
- 2) «ForteBank» АҚ;
- 3) «Kaspi Bank» АҚ;
- 4) «Еуразиялық банк» АҚ;

- 5) «Банк ЦентрКредит» АҚ;
- 6) «Қазкоммерцбанк» АҚ;
- 7) «Цеснабанк» АҚ;
- 8) «Ресей Жинақ банкі» АҚ ЕБ;
- 9) «АТФБанк» АҚ;
- 10) «Альфа-Банк» АҚ ЕБ.

«ҚДКБҚ» АҚ Консультативтік кеңесінің 2017 жылғы қызметінің қорытындылары

«ҚДКБҚ» АҚ Консультативтік кеңесі 2017 жыл ішінде бес отырыс өткізді, онда келесі негізгі мәселелер қаралды:

- ▶ міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшерін белгілеу және төлеу тәртібін анықтау Ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- ▶ Қосылу шартына өзгерістер енгізу: кепілдік берілген депозиттер бойынша автоматтандырылған дерекқордың қосылу Шартымен бекітілген бірыңғай талаптарға сәйкес келуін белгілеу бойынша іс-шараларды жүргізу саласындағы қалыптасқан тәжірибеге сәйкес іріктемелі ұсыныстарды өзектендіру;
- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ Консультативтік кеңесіне қатысушы банктердің жеке тұлғалардың қайта тартылатын депозиттері бойынша ең жоғары ұсынылатын сыйақы беру мөл-

шерлемесін теңгеде жылдық 12% дейін, жеке тұлғалардың қайта тартылатын депозиттері бойынша ең жоғары ұсынылатын сыйақы беру мөлшерлемесін шетел валютасында 2% деңгейде сақтап қалу бойынша ұсыныстарын қарау;

- ▶ жеке тұлғалардың қайта тартылатын депозиттері бойынша ең жоғары ұсынылатын сыйақы беру мөлшерлемесін анықтау және көлемін белгілеу Әдістемесіне өзгерістер енгізу.

«ҚДКБҚ» АҚ Директорлар кеңесі өз күн тәртібіндегі сұрақтарды қарау кезінде Консультативтік кеңес мүшелерінің пікірін назарға алды.

2017 жыл ішінде Қордың Консультативтік кеңесі жанында «SaIT Inspect» Ақпараттық жүйені пайдалану және түрлендіру жөніндегі жұмыс тобы қызмет етті.



Қатысушы банктер жарналарының сараланған мөлшерлемелер жүйесі

Міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесі 2007 жылы қолданысқа енгізілді. Қолданыстағы жүйе тәуекелдерді бағалауда құрамдастырылған тәсілмен сипатталады: мүмкін болатын жалпы жинақ ұпайлардың 70% сандық көрсеткіштерді, 30% — сапалық көрсеткіштерді құрайды. Сандық және сапалық көрсеткіштерді құрамдастырудың артықшылығы — олардың банк тәуекелдерінің құрылымын бағалауда неғұрлым тегіс қамтитын тәсілдемені қолдануға мүмкіндік береді және қолда бар ақпараттың кең түрін пайдаланады.


Индикаторларды есептеу нәтижелері бойынша тоқсан сайын әрбір қатысушы банк бойынша жалпы жинақ ұпай саны есептеледі. Берілген жалпы жинақ ұпай саны мәніне қарай қатысушы банк жіктеу топтарының біріне жатқызылады, олардың әрқайсысына міндетті күнтізбелік жарнаның өз мөлшерлемесі сәйкес келеді. Осылайша, банктің қаржылық тұрақсыздығы мен тәуекел операцияларының деңгейі неғұрлым жоғары болса, оның күнтізбелік жарнасының мөлшерлемесі соғұрлым жоғары болады.

Қор қатысушы банктердің ұсыныстары мен ескертулерін, сонымен қатар отандық банк секторы жай-күйіндегі, банк заңнамасындағы және ҚРҰБ бекітетін есептілік нысандарындағы өзгерістерді ескере отырып, жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін әрдайым жетілдіріп отырады. Міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін соңғы кешенді қайта қарау 2016 жылы бекітілді.

Негізгі қаржылық көрсеткіштерге негізделген және тоқсан сайынғы жарналарының тиісті мөлшерлемелері бар алты жіктеу топтарын анықтайтын «БАТА» міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу жүйесіне сәйкес есепті жылы төрт қатысушы банк өз позицияларын жақсартып, тоқсан сайынғы жарналарының мөлшерлемелері төменірек топтарға ауысты; үш қатысушы банк өз позицияларының төмендеуіне байланысты тоқсан сайынғы жарналарының мөлшерлемелері жоғары топтарға ауысты; 23 қатысушы банк бұрынғы позицияларын сақтап қалды.

2017 жылғы төртінші тоқсанның қорытындысы бойынша қатысушы банктер жіктеу топтарына келесідей орналасты: «А» тобының үлесі 6,7% (екі банк), «В» тобының үлесі – 23,3% (жеті банк), «С» тобының үлесі – 50,0% (15 банк), «D» тобының үлесі – 13,3% (төрт банк), «Е» тобының үлесі – 0% және «S» тобының үлесі – 6,7% (екі банк) құрады.

Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің «БАТА» жүйесінің жіктеу топтарында орналасуы



Жіктеу топтары	«А»	«В»	«С»	«D»	«Е»	«S»
Қатысушы банктің күнтізбелік төлемі жарнасының мөлшерлемесі*	0,04	0,08	0,11	0,19	0,38	0,5
Жіктеу тобына жатқызылған қатысушы банктердің саны	2	7	15	4	0	2

* қатысушы банктегі жеке тұлғалардың барлық депозиттер сомасының %

Қатысушы банк жарналарының сараланған мөлшерлемелер жүйесін жетілдіру саласындағы 2017 жылғы бастамалар

Есепті жылы Қор «ҚДКБҚ» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (30.10.2016 ж. №32 хаттама) бекітілген міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшерін және төлеу тәртібін анықтау ережелеріне енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды ескере отырып, «БАТА» ақпараттық жүйесіне бейімдеу жұмыстарын жүргізді. 2017 жылы 22 маусымда «БАТА» ақпараттық жүйесін сүйемелдеу және жетілдіру қызметтерін көрсетуге келісім шарт жасалды; ақпараттық жүйе ережелерге бұрын енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке ала отырып өзектендірілді. 2017 жылы келісім шарт бойынша барлық жұмыстар толық көлемде аяқталды.

Қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін дамыту аясында есепті жылы кейбір елдердің тәжірибесімен танысу бойынша жұмыс жүргізілді (Канада, Корея, Малайзия, Жапония, Польша), Қор әдістемесіне салыстырмалы талдау жүргізілді, халықаралық тәжірибені пайдалану мәселелері бойынша ұсыныстар әзірленді. Сонымен бірге реттеушілік

бағалауды қолдану бойынша басқа елдердің тәжірибесімен танысты ([Supervisory Review And Evaluation Process, SREP](#)). Сұрақтар тізілімі Польшаның, Түркияның, Кореяның депозиттерді сақтандыру ұйымдарына жіберілді. Қазіргі сәтте жұмыстың аталған бағыттары әрі қарай зерттеуді талап етеді.

Қор сонымен қатар екінші деңгейдегі банктерді уәкілетті органның қадағалау қызметінің нәтижелерімен, әсіресе – ертерек алдын алу жүйелерімен және банктерді инспекторлық тексеру нәтижелерімен қолдану есебінен әдістеменің сапасын арттыру мүмкіндігін қарастыруды жоспарлап отыр. Осы мақсатта ҚРҰБ консультациялар жүргізу, соның ішінде Қорға ұсынылатын ақпараттар тізілімін кеңейту мәселесін талқылау болжамдалып отыр.



**Кепілдік берілетін
өтемді төлеуге
арналған арнайы
резерв құру**

ҚДКБҚ жинақтаушы негізде кепілдік берілетін өтемді төлеуге арналған резерв қалыптастырады. Қордың арнайы резерв қаражатынан кепілдік берілетін өтемді төлеу, сонымен бірге лицензиядан айрылған банктің активтері мен міндеттемелерін сатып алушы банкке бір реттік беру операцияларын жүргізу кезінде берілетін активтер мен міндеттемелер көлемінің арасындағы айырманы толтыру да жүзеге асырылады (кепілдік берілген өтем ретінде төлеуге жататын сомдан артық емес).

Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамаға сәйкес кепілдік берілетін өтемді төлеуге арналған арнайы резерв төмендегілердің шегінде және есебінен құрастырылады:

- ▶ жарғылық капитал мөлшерінің жетпіс пайыз шегіндегі Қор шығыстарынан;
- ▶ депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктерінің жарналарынан;
- ▶ қосылу шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін қатысушы банктерге қолданылған тұрақсыздық айыбынан;
- ▶ төленген (төленетін) кепілдік берілген өтем сомалары бойынша мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банк қанағаттандыру тәртібінде алған ақшалардан;
- ▶ арнайы резервтің активтерін салудан алған табыстан;
- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ жарғысымен көзделген тәртіпте шығыстар мен аударымдар сомасына кемітілген өз активтерін салудан алынған табыстан.

Егер Қордың арнайы резервінің қаражаты мәжбүрлеп таратылатын банктің барлық сақтандырылған салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу үшін жеткілікті болатын жағдайда заңнама резервті қаржыландырудың бірқатар шараларын қарастырады, соның ішінде:

- ▶ қатысушы банктердің қосымша жарналары;
- ▶ арнайы резервтің жеткілікті тапшы сомасын жабуға арналған ҚРҰБ заемы;
- ▶ ҚРҰБ шешімі бойынша Қор кепілдік берілетін өтемді төлеу мақсатына жұмсауға құқылы болатын жарғылық капиталдың 70% дейін арттыру.

Арнайы резервтің көлемі

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың арнайы резерві жарғылық капиталды есепке алмағанда 459,1 млрд. теңгені құрады.

Есепті кезеңнің басымен салыстырғанда жарналардың 35,1 млрд. теңгеден 2017 жылдың соңында 240,5 млрд. теңгеге өскені байқалады. Арнайы резервті ұлғайтуға тартылған «ҚДКБҚ» АҚ таза табысы 15,3 млрд. теңгеге артты, және Қордың арнайы резерв құрылымындағы оның үлесі 33,2% (2016 жылдың соңында 34,7% салыстырғанда) құрады. «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ және «Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссияларынан алынған кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша берешекті төлеуге берілген төлем сомасы 240 млн. теңгеге артты және 10,4 млрд. теңгені құрады.

Жалғыз акционердің шешімімен 2017 жылғы желтоқсан айында арнайы резерв «ҚДКБҚ» АҚ шығыстарының есебінен 13,2 млрд. теңгеге өсті. 2017 жылы Жалғыз акционер «ҚДКБҚ» АҚ

жарғылық капиталының теңгерімін 10% – 235,8 млрд. теңгеге дейін арттырды.


Арнайы резервтің тапшылығы туындаған жағдайда (жарғылық капиталдың 70% дейін) салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеуге жұмсалуды мүмкін болатын Қордың жарғылық капиталының ең жоғары сомасын ескере отырып, кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған қаражаттың жиынтық көлемі 568,6 млрд. теңгені құрайды.

Қордың арнайы резервінің мақсатты деңгейін анықтау

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, арнайы резервтің мақсатты деңгейі депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктеріндегі жиынтық депозиттік қордың кем дегенде 5% құрайды.

2017 жылы «ҚДКБҚ» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2014 жылғы 25 желтоқсандағы №6 хаттама) бекітілген, арнайы резервтің мақсатты деңгейін және мөлшерін анықтау және белгілеу Әдістемесіне сәйкес Қордың 2018 жылғы арнайы резервінің мақсатты деңгейінің болжамды мәнін анықтау үшін барлық қажетті есептеулер жүргізілді. Аталған мәселе «ҚДКБҚ» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылды. 2017 жылғы 31 тамыздағы Директорлар кеңесі отырысының №10 Хаттамасымен «ҚДКБҚ» АҚ 2018 жылғы арнайы резервінің мақсатты деңгейін – 6,3% көлемінде бекіту туралы шешім шығарылды. Арнайы резервтің 2017 жылғы нақты деңгейі жарғылық капиталдың 70% ескермегенде – 5,6%, ал жарғылық капиталдың 70% есепке алғанда 6,9% құрады.

Кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған ҚДКБҚ қаражаты көлемін құрастыру көздері





Активтерді инвестициялық басқару

Активтерді сенімді басқаруды ҚРҰБ жүзеге асырады, ал ҚРҰБ мен «ҚДКБҚ» АҚ арасындағы тиісті қатынастар шартпен реттеледі.

«ҚДКБҚ» АҚ инвестициялық саясаты Директорлар кеңесінің шешімімен (2014 жылғы 27 қарашадағы №5 хаттама) бекітілген және жоспарланған табысқа қол жеткізу, шығын тәуелкелдерін барынша азайту және өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында активтерді инвестициялық басқару жағдайларын анықтайтын құжат болып табылады.

2014 жылғы 1 қаңтардан бастап Қор арнайы резерв активтерін және өз активтерін жеке есепке алуды жүргізеді:

- 1) «ҚДКБҚ» АҚ жарғылық капитал қаражаты есебінен қалыптастырған Қордың меншікті активтерінің инвестициялық қоржыны;
- 2) Қордың арнайы резерві активтерінің инвестициялық қоржыны.

«ҚДКБҚ» АҚ меншікті активтерінен қалыптастырған инвестициялық қоржынға ішкі нарықта айналыста болатын, тек ұлттық валютада номиналданған қаржы құралдары кіреді. Арнайы резерв активтерінен қалыптастырған инвестициялық қоржынға ұлттық және шетел валютасындағы қаржы құралдары келесі шектерде кіруі мүмкін:

- ▶ қоржынның 25–45% — шетел валютасындағы қаржы құралдары;
- ▶ қоржынның 55–75% — ұлттық валютадағы қаржы құралдары.


2016 жылғы қазан айында инвестициялау үшін рұқсат етілген, ұлттық валютадағы қаржы құралдарының тізбесіне «А» ең аз кредиттік рейтингімен халықаралық қаржылық ұйымдардың борыштық міндеттемелері (облигациялар) енгізілді. Осыған байланысты, Сенімді басқарушы көлемі 105 млрд. теңге «ҚДКБҚ» АҚ активтерінің бір бөлігін сыйақы мөлшерлемесі Қазақстан Республикасындағы құнсыздану деңгейіне байланған, теңгеде номиналданған еурооблигацияларға орналастырды; берілген еурооблигациялардың эмитенті ретінде Еуропалық қайта құру және даму банкі болады. Бұдан басқа, арнайы резерв активтерінің есебінен құрастырылған инвестициялық қоржын құрамына Сенімді басқарушы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ, «KEGOC» АҚ мемлекеттік сыңайлы сектор эмитенттерінің жалпы құны 6,2 млрд. теңгені құратын бағалы қағаздарын сатып алды.

Есепті кезеңнің соңына берілген жағдай бойынша «ҚДКБҚ» АҚ активтерінің құны өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 17,9% (+104,89 млрд. теңге) өсімді көрсетіп, 689,7 млрд. теңгені құрады. Есепті кезең ішінде ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысты нығаюына байланысты инвестициялық табыс құрылымында бағам айырмасынан алынған пайда байқалған жоқ, сонымен бірге Қордың бағалы қағаздар бойынша теңгеде номиналданған инвестициялық табысы 72,1%, ал Қордың бағалы қағаздар бойынша АҚШ долларында номиналданған инвестициялық табысы 2,9% құрады. Бұдан басқа, 2017 жылы Қор активтерінің басым бөлігі ҚРҰБ депозиттеріне салынды. Мұндай депозиттер бойынша сыйақы мөлшері 25% құрады.

Сондай-ақ 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 143-бабы 2-1) тармағымен көзделген өзгерістер мен толықтырулардың қолданысқа енуіне байланысты, «ҚДКБҚ» АҚ-на төленетін сыйақы төлем көзінде салық салуға жатпайды, сомасы 1,5 млрд. теңге

мөлшеріндегі ақшаны депозитке салудан «ҚДКБҚ» АҚ-нан алынған сыйақы көзінен салық ұсталған жоқ, бұл сомасы 9,8 млрд. теңге (8,3 млрд. теңгенің орнына) болатын сыйақыны толық көлемде алуға әкелді.


«ҚДКБҚ» АҚ активтерінің өсуі



млрд. теңгені құрады. 2017 жыл ішінде қаржы құралдарының есебінен құрастырылған инвестициялық қоржынның жиынтық құны 105,8 млрд. теңгеге артты (+18,6%).

Қазақстан Республикасында валюталық нарықтағы, банк секторындағы ахуалдың дамуына, белгілі бір қаржы құралдарының табыстылығының өзгеруіне және өзге де факторларға байланысты «ҚДКБҚ» АҚ Директорлар кеңесі инвестициялық стратегияға түзетулер енгізеді.

2016–2017 жылдардағы қаржы құралдары есебінен құрастырылған инвестициялық қоржынның құрылымы



Инвестициялық қоржын құрамы

«ҚДКБҚ» АҚ меншікті активтерін және арнайы резерв активтерін ұлттық валютада инвестициялау үшін рұқсат етілген қаржы құралдары:

- ▶ Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;
- ▶ биржалық және биржадан тыс нарықта кері РЕПО операциялары (қамсыздандыруға тек Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары қабылданады);
- ▶ ҚРҰБ орналастырылған депозиттер;
- ▶ «А-» ең төмен кредиттік рейтингі бар халықаралық қаржылық ұйымдардың борышкерлік міндеттелері (облигациялар);
- ▶ Ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық компаниялар шығарған бағалы қағаздар (өз активтері қоржынының 30% артық емес, бір эмитентке өз активтері қоржынының 10% шегінде).

Арнайы резерв активтерінің шетел валютасында инвестициялау үшін рұқсат етілген қаржы құралдары:

- ▶ қолданыс мерзімі бес жылға дейінгі АҚШ Үкіметінің бағалы қағаздары (арнайы резерв активтері қоржынының 70% -дан 100% дейін);
- ▶ халықаралық қаржылық ұйымдардың тәуелсіз облигациялары, борышкерлік міндеттемелері;
- ▶ «А» / «А2» ең төмен кредиттік рейтингі бар мемлекеттік емес эмитенттердің бағалы қағаздары (арнайы резерв қоржынының 30% артық емес, бір эмитентке арнайы резерв қоржынының 10% шегінде);
- ▶ кредиттік рейтингі «А+» / «А1» төмен емес резидент емес банктердегі депозиттер (айналым мерзімі бір жылдан аспайтын салымдар).

Есепті кезеңнің соңында Қордың инвестициялық активтерінің құны 673,2 млрд. теңгені құрады (барлық активтердің 97,6%), соның ішінде:

- ▶ арнайы резерв активтерінен құрастырылған инвестициялық қоржын – 459,4 млрд. теңге;
- ▶ меншікті активтерінен құрастырылған инвестициялық қоржын – 213,8 млрд. теңге.

2017 жылдың қорытындысы бойынша инвестициялық табыс 38,6 млрд. теңгені құрады, сонымен бірге арнайы резерв активтері есебінен құрастырылған инвестициялық қоржын бойынша табыс 23,5 млрд. теңгені, өз активтері есебінен – 15,1



**Кепілдік берілген
өтемді төлеу**

2017 жыл ішінде ҚДКБҚ қызметкерлері «Қазинвестбанк» АҚ және «Delta Bank» АҚ уақытша әкімшілік құрамына кірді. ҚДКБҚ сондай-ақ мәжбүрлеп таратылатын екі банк – «Нау-

рыз Банк Қазақстан» АҚ және «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеуді жалғастырды.

Мәжбүрлеп таратылған банктердің салымшыларына 2017 жылы өтемді төлеу (млн. теңгеде)

Мәжбүрлеп таратылған банк атауы	ҚДКБҚ міндеттемелерінің көлемі	Төленген өтем сомасы	Міндеттемелердің қалдығы
«Наурыз Банк Қазақстан» АҚ	772,0	679,6	92,4
«Валют-Транзит Банк» АҚ	18 354,3	17 888,7	496,6

2017 жылы ҚДКБҚ салымшылармен есеп айырысуды өз бетінше жүзеге асырды. 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай

бойынша 32 салымшыға жалпы сомасы 29,46 млн. теңгені құрайтын кепілдік берілген өтем төленді.

Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктерінде бақылау іс-шараларын өткізу

Қатысушы банктердің дерекқорын Қосылу шартымен белгіленген бірегей талаптарына сәйкестігін белгілеу бойынша шаралар кепілдік берілген депозиттер бойынша мәліметтер базасын жүргізу сапасын бағалауға, қатысушы банктердің кепілдік берілетін депозиттер туралы мәліметтерді белгіленген мерзімде кез-келген күнге беру, кепілдік берілетін өтемді екі рет беру қаупін болдырмау және бірқатар беделді тәуекелдерін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Есепті кезеңде ҚДКБҚ 5 қатысушы банкте сәйкестікті орнату бойынша іс-шаралар жүргізді, соның ішінде:

- ▶ 3 қатысушы банкте – жоспарлы іс-шаралар;
- ▶ 2 қатысушы банкте – жоспардан тыс іс-шаралар.

ҚДКБҚ қатысушы банктердегі іс-шараларды сәйкестікті орнату бойынша іс-шараларды жүргізуді автоматтандыру үшін әзірленген «SalT Inspect» Ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. 5 қатысушы банктерде жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша салымшылардың сәйкестендіргіш деректерін толтыруда, клиенттердің шоттарын топтастыруда, кепілдік

берілген өтемдерді есептеуде сәйкессіздіктер анықталды. ҚДКБҚ қатысушы банк басшылығымен бекітілген, анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі жұмыс жоспарына сәйкес барлық сәйкессіздіктерді жоюын бақылауды ай сайын жүзеге асырады.

2017 жылы ҚДКБҚ кепілдік берілген депозиттер базасын дербес тексеру үшін қатысушы банктерде «SalT Inspect» ақпараттық жүйесін құру бойынша жұмысты жалғастырды. 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай сәйкес ақпараттық жүйе 25 қатысушы банктің сұранысы бойынша орнатылған; бес қатысушы банктермен ақпараттық жүйелерді орнатудың техникалық сұрақтары бойынша түсіндірме жұмыстары жалғасуда.

«SalT Inspect» ақпараттық жүйесін пайдалану құқығына арналған үлгі шартқа қол қойған 25 қатысушы банкте ақпараттық жүйені жаңарту жүргізілді. ҚДКБҚ сонымен қатар қатысушы банктердің «SalT Inspect» ақпараттық жүйесін өздігінен тестілеу барысында пайда болған ұсыныстарын қарастырады.



Мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссияларының жұмысы

«Валют-Транзит Банк» АҚ

2017 жылы «Валют-Транзит Банк» АҚ мәжбүрлеп тарату процесі жалғастырылды. «Валют-Транзит Банк» АҚ мәжбүрлеп тарату процедурасы 2007 жылғы наурыз айында басталды. Қордың алғашқы талаптары 14,01 млрд. теңгені құраған еді. 2015 жылғы тамыз айында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, уағдаластық міндеттерді қорғауды кепілдендіру және оларды бұзу үшін жауапкершілікті қатандату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банк салымшыларына 4,25 млрд. теңге көлемінде кепілдік берілген өтемдерді қосымша төлеу жүргізілді. Қор өкілдері тарату комиссиясының төрағасы және төраға орынбасары, сондай-ақ «Валют-Транзит Банк» АҚ Кредиторлар комитетінің төраға орынбасары болып тағайындалды. ҚДКБҚ тарату комиссиясының құрамында қызметкерлермен бірлесіп, «Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссиясының жұмысын аяқтау бойынша іс-шаралар жоспары құрылды, ол бойынша орындалған жұмысқа талдау жүргізу ай сайын жүргізіліп тұрады.

2017 жылы тарату комиссиясына тартылған қызметкерлер саны 73 адамнан 43 адамға қысқартылды, Республика бойынша 5 қаладағы бөлімшелер жабылды.

Банкті мәжбүрлеп тарату процесі дебиторлық берешекті сот тәртібінде және атқару өндірісі тәртібінде өндіріп алумен байланысты проблемалармен шиеленісе түседі. Негізгі проблемалардың ішінде мыналарды атап өтуге болады: «Валют-Транзит Банк» АҚ мен контрагенттер арасында жылжымайтын мүлікпен жасалған мәмілелер бойынша шарттың түпнұсқасының болмауы, сотпен жалған кәсіпорын деп танылып берілген банктің болжамды үлестес тұлғаларының мүлкін өндіріп алу өтініштерімен туындаған қиындықтар, берешекті толық өтеу үшін мүліктің жеткіліксіздігі немесе мүлде болмауы, мүлікті бағалау кезіндегі дебитордың кепілге қойылған, сонымен қатар өзге де мүлкінің нарық құнының төмен болуы, мемлекеттік сот орындаушылары тарапынан сот актілерін ұзақ уақыт орындамау, орындау парақтарын жоғалтып алу.

2017 жылы Қордың «Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссиясына қойылған талаптары 240 млн. теңге сомасына қанағаттандырылды.

«Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссиясының Қор талаптарын қанағаттандыру динамикасы (млн. теңге)



Кредиторлар талаптарын қанағаттандырудың сегізінші кезегі шегінде Қор талаптарын төлеу

Сонымен қатар Қордың кредиторлар талаптарын қанағаттандырудың сегізінші кезегі шегінде мынадай талаптары бар:

- ▶ «Валют-Транзит Банк» АҚ бойынша – 28,1 млн. теңге көлемінде;
- ▶ «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ бойынша – 5,9 млн. теңге көлемінде.

Мәжбүрлеп таратылған банктің атауы	31.12.2017 ж. кепілдік берілген өтем бойынша тарату комиссиясының төленген міндеттемелерінің көлемі		31.12.2017 ж. кепілдік берілген өтем бойынша тарату комиссиясының төленбеген міндеттемелерінің қалдығы	
Кредиторлар талаптары тізілімінің үшінші кезектілігі	(млн. теңге)	(%)	(млн. теңге)	(%)
4,2 млрд. теңге көлемінде төленген қосымша кепілдік берілген өтемді қоса алғанда, «Валют-Транзит Банк» АҚ.	9 658	52,6	8 696	47,38
«Наурыз Банк Қазақстан» АҚ	772	100	0	0
Кредиторлар талаптары тізілімінің сегізінші кезектілігі	Төленбеген күнтізбелік жарналар бойынша өтелмеген міндеттемелердің қалдығы			
«Валют-Транзит Банк» АҚ	0	0	28,1	100
«Наурыз Банк Қазақстан» АҚ	0	0	5,9	100

Мәжбүрлеп таратылған банктің кредиторлар комитетінің құрамына қатысуы

2017 жылы ҚДКБҚ-да банкті тарату мәселелері бойынша шешім қабылдау процедураларын регламенттейтін, депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банк кредиторлары комитетінің отырыстарына қатысу тәртібі бекітілді.

Бір жыл ішінде Қор өкілдері «Валют-Транзит Банк» АҚ Кредиторлар комитетінің 12 отырысына қатысты, тарату өндірісін оңтайландыру бойынша 30-дан аса ұсынысқа бастамашылық жасалды. Отырыстарда қаралған негізгі мәселелер:

- ▶ тарату комиссиясының ай сайынғы шығыстары туралы есеп, ай сайынғы шығыстардың сметасын бекіту;

- ▶ өндіріп алуға жатпайтын, істен шығарылатын сомаларды, соның ішінде дебиторлық берешекті өндіріп алудың мүмкін болмайтын көлемін бекіту;
- ▶ мүлікті бағалау туралы есептермен танысу;
- ▶ мүлікті өткізу туралы есеп;
- ▶ мүлікті өткізу жоспарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- ▶ дебиторлық берешекті өндіріп алуды талдау.

2017 жыл ішінде активтердің мүлдем болмауына байланысты өндіріп алудың мүмкін болмау салдарынан 15,4 млрд. теңге көлемінде дебиторлық берешек істен шығарылды.

«Delta Bank» АҚ

«Delta Bank» АҚ 2017 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының №194 қаулысымен 2017 жылғы 3 қарашадан бастап банктік және өзге де операцияларды жүргізуге берілген лицензиясынан айрылды. ҚРҰБ Төрағасының бұйрығымен уақытша әкімшілік тағайындалды,

оған «Delta Bank» АҚ басқару органдарының барлық өкілеттіктері берілді. Уақытша әкімшілік құрамына ҚРҰБ және ҚДКБҚ мамандары кірді. Банктің бас кеңсесі Алматы қ. орналасқан; банктің Астана және Ақтау қалаларында филиалдары бар.



Тәуекелдерді басқару жүйесінің дамуы

Қор алдына қойылған барлық міндеттерді сапалы орындау, тәуекелдерді басқару жүйесін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Осылайша, 2017 жылы есептілікті ұсыну мерзіміне қатысты тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыру Ережелеріне енгізілген өзгерістер бекітілді.

Тәуекелдерді басқару жүйесін арттыру мақсатында ҚДКБҚ тәуекелдің негізгі салаларын айқындау және оларды басқару қабілетіне ие болуы тиіс. Ол өз кезегінде мыналарды болжайды:

- ▶ аса маңызды тәуекелдерді айқындау және түсіну;
- ▶ ҚДКБҚ барлық қызметінің шегінде тәуекелдерді тиімді бағалау, тәуекелдерді басқаруда есептілік жүйесін және дербестендірілген жауапкершілік жүйесін құру;
- ▶ тәуекелдерді мүмкіндігінше азайту бойынша тиісті шаралар қолдану;
- ▶ негізгі бизнес-процестерде ішкі бақылау жүйесін жетілдіру.

Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру келесілердің арқасында шығындарды азайтуға ықпал етеді:

- ▶ ішкі бақылауға жұмсалған шығындарды автоматтандырылған бақылау процедураларын жетілдіру арқылы азайту;
- ▶ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласында қайталанатын функцияларды оңтайландыру немесе жою;
- ▶ автоматтандырылған орталықтарды, бизнес-процестерді және үздіксіз мониторингті енгізу арқылы процестердің тиімділігін арттыру.

ҚДКБҚ басшылығы тәуекелдерді басқару жүйесінің барлық маңыздылығын ұғына отырып, тәуекелдерді басқару қаржылық жүйенің тұрақтылығын және таратылатын банк депозиторларының құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған функцияларды сапалы орындау үшін ұйым қыз-

метінің нәтижелігін арттыруға ықпал етуге талпынуы тиіс. Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шараларды тиімді орындауды қамтамасыз ету мақсатында «ҚДКБҚ» АҚ Директорлар кеңесі жанында тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі Комитет қызмет етеді. Бұл комитеттің төрағасы тәуелсіз директор болып табылады.

2017 жылы осы комитеттің үш отырысы өткізіліп, онда тәуекелдерді басқару бойынша есептер қаралды – олардың қорытындысы бойынша «ҚДКБҚ» АҚ Директорлар кеңесі үшін ұсыныстар дайындалды. Директорлар кеңесі, өз кезегінде, өздерінің басқару шешімдерін қабылдау кезінде Қордың қаржылық және өзге де тәуекелдерге ұшырағыштығының ағымдағы жағдайын, сонымен қатар тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі Комитеттің ұсыныстарын ескереді. Сонымен бірге, ҚДКБҚ-да келесі жұмыстар жүргізілді:

- ▶ басқару есептілікті дайындау әрдайым жүйелі түрде жүзеге асырылады: 2017 жылы Директорлар кеңесінің қарауына қаржы тәуекелдерін басқару бойынша тоқсан сайынғы есептер, сондай-ақ Қордың өткізген күйзеліс-тестерінің нәтижелері шығарылды;
- ▶ 2017 жылдан бастап тәуекелді оқиғалардың өзіндік қоры жаңа үлгіде жүргізіледі;
- ▶ алғаш рет халықаралық тәсілдер негізінде әзірленген жаңа әдістеме бойынша ақпараттық қауіпсіздікті бағалау жүргізілді, оның нәтижелері бойынша ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін барынша азайту мақсатында тиісті шаралар қолданылды;
- ▶ тәуекелдерді басқару мәдениетін жетілдіру мақсатында қызметкерлерді оқыту жүргізілді;
- ▶ бизнес-процесс иелерінің тәуекелдерді өз бетінше бағалау процедурасын жан-жақты талдау және жүргізу негізінде әрбір бизнес-процеске қатысты операциялық тәуекелдерді бағалау жүргізілді.



Жұртшылықты ақпараттандыру



Қор ақпараттық материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыру, жаңалықтар мен ресми басылымдардың журналистерімен және редакцияларымен жұмыс, әлеуметтік желілерде парақшалар жүргізу және ақпараттық материалдарды жариялау сияқты қолда бар мүмкіндіктердің алуан түрін пайдаланып, халықтың депозиттер кепілдігі туралы хабардар болуын қамтамасыз ету үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын үздіксіз жүргізіп отырады. 2017 жылдың жаңалықтар келбеті екінші деңгейдегі екі банктің («Қазинвестбанк» АҚ, Delta Bank» АҚ) банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айыру, қазан-қараша айларында «Bank RBK» АҚ салымшылары мен клиенттеріне қолма-қол ақша беруді уақытша тоқтату сияқты банк секторындағы жағымсыз оқиғалармен, сондай-ақ 2017 жыл ішінде хабарланған алты банктің бірігу туралы мәлімдемелері, және ҚРҰБ-тің банк секторының қаржылық

тұрақтылық Бағдарламасын іске қосу сияқты банк секторындағы оқиғалардың даму барысымен қалыптасты.

ҚДКБҚ 2017 жылдың маңызды оқиғасы — бұл нарықта ұсынылған барлық банк өнімдерін біріктіретін, бірыңғай шоғырландырылған дерекқор — депозиттік порталды іске қосу болды. Депозиттік портал халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға және тұтастай банк жүйесіне деген сенімділігін нығайтуға бағытталған Қор жобасы түрінде беріледі. Депозиттік портал сондай-ақ контенттің дамуымен байланысты әлеуетке ие болады: көбіне сараптамалық, талдамалық және білім беру материалдарын орналастыру жоспарланады. Мұндай материалдар қаржылық сауаттылықты арттырудың жалпы идеясына ғана арналып қоймайды, сонымен бірге пайдаланушылардың талдау қағидаттарын бағалау және қаржылық ақпаратты талдауды түсінуді қалыптастырады.

«Қазинвестбанк» АҚ, «Delta Bank» АҚ оқиғаларды ақпараттық баяндау

«Қазинвестбанк» АҚ 2016 жылғы 28 желтоқсанда банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айрылды. Кейін, 2017 жылғы 6 қаңтарда Қор өкілдері — Төраға және Төраға орынбасары ҚРҰБ қаржылық қызмет тұтынушыларының құқықтарын сақтау және сыртқы коммуникациялар жөніндегі Басқарма және «Қазинвестбанк» АҚ уақытша әкімшілігі ұйымдастырған баспасөз-брифингіне қатысты. Баспасөз-брифинг барысында «Қазинвестбанк» АҚ тартылған жеке тұлғалардың депозиттерінің көлемі, салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша ҚДКБҚ міндеттемелері, төлеу мерзімі мен тәртібі сияқты деректер баяндалды. Баспасөз-брифингтің нәтижесі бойынша «КТК», «Хабар», «Хабар-24», «Астана», «Atameken Business Channel», «31 Канал» телеарналарда материалдар

көрсетілді. Әрі қарай, «Қазинвестбанк» АҚ уақытша әкімшілігінің қызмет ету кезінде және «Қазинвестбанк» АҚ активтері мен міндеттемелерін «Альфа-Банк» АҚ ЕБ-не бір реттік беру бойынша жасалған мәміленің аяқталуы кезінде ҚДКБҚ жаңалықтар келбетінің қалыптасуына қатысқан жоқ.

«Delta Bank» АҚ 2017 жылғы 3 қарашада банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айрылды. Дәл сол күні Қор осы оқиғаға және «Delta Bank» АҚ салымшыларымен әрі қарай жұмысты жүргізуге арналған баспасөз-релиз өткізді. Ақпарат жетекші ресми және ақпараттық онлайн-БАҚ-да жарияланды; материалдар «КТК», «Хабар-24», «Atameken Business Channel» телеарналарының жаңалықтарында көрсетілді.

Депозиттік порталды ақпараттық қолдау

Депозиттік портал іске қосылған күні, 2017 жылы 29 қарашада Қор «Интерфакс-Қазақстан» Ақпараттық агенттігі Баспасөз орталығында баспасөз-конференция өткізді. Жобамен берілген жұмысқа тікелей жетекшілік еткен ҚДКБҚ Төрағасы және Төраға орынбасары таныстырды. Бұл оқиғаға он екі бұқаралық ақпарат құралының журналистері мен экономикалық шолушылары қатысты; баспасөз-конференцияның қорытындысы бойынша 25 материал жарияланды, сонымен қатар «Atameken Business Channel», «31 Канал», «КТК» және «Хабар-24» телеарналарында кешкі жаңалықтарда 4 материал жарық көрді.

Кейін, 2017 жылғы желтоқсан айында Informburo.kz, Kapital.kz, Forbes.kz, Kursiv.kz интернет-порталдарында Депозиттік порталға және ҚДКБҚ қызметінің өзге де мәселелеріне арналған 4 редакциялық материал жарияланды. 29 желтоқсанда ҚДКБҚ Төраға орынбасары «Atameken Business Channel» телеарнасында «Цифрлік Қазақстан Әсем Нұрғалиевамен бірге» атты авторлық телехабарға қатысты. Бағдарлама Депозиттік порталды іске қосуға арналды.

ҚДКБҚ — IADI Халықаралық конференцияны ақпараттық қолдау

4 қыркүйекте Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығымен (IADI) бірлесіп ұйымдастырылған «Ислам банктерінде орналастырылған депозиттерді сақтандырудың және депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйесі үшін негізге алынатын қағидаттар» атты Халықаралық техникалық семинар және конференция барысында Дүниежүзілік банктің қаржылық экономисті Колин Масеник ([Colleen Mascenik](#)) Қа-

зақстанның депозиттерге кепілдік беру жүйесінің салымдарды сақтандырудағы халықаралық стандарттарға сәйкес келуі тұрғысында тәуелсіз бағалау нәтижелерін жариялады. Баяндама қорытындысы бойынша ресми және қоғамдық-саяси басылымдарда материалдар жарияланды; «Астана» және «Atameken Business Channel» телеарналарында жаңалық материалдары көрсетілді.

Ақпараттық материалдарды орналастыру

2017 жылы ҚДКБҚ депозиттер кепілдігі туралы екі бейнероликтен тұратын топтама шығарды. «Сіздің банк картаңыз бар ма? Депозиттеріңіз ше?» атты бірінші роликте кепілдік беру объектілері, өтем сомасы, кепілдік беруге жатпайтын банк өнімдері мен қызметтері, байланыс сияқты депозиттер бойынша кепілдік беру туралы жалпы ақпарат ұсынылды. «Сіздің банк сот шешімі бойынша жабылды ма?» атты екінші ролик банкті банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырған соң салымшылармен жұмыс жасау, агент банк арқылы жұмыс, өтемді төлеуді бастау мерзімі, қажетті құжаттар, агент банкте ақшаны алу мерзімі туралы баяндайды. Бейнероликтер анимациясыз, жаңалық слайдтары түрінде, ал екінші бейнеролик — қатаң ақпараттық графика түрінде орындалды. Екі роликте сабырлы аудиоқатар қолданылады; мәтінді диктор әйел оқиды.

2017 жылы қыркүйек-қазан айларында эфирге бірінші бейнеролик шығарылды — «КТК» телеарнасында «ауа райының демеушісі» пішінінде, желтоқсан айында — «31 Канал» телеарнасында. Орналастырудың жалпы кезеңі 57 күнді қамтып, шығудың жалпы саны — 173 болды.

2017 жылы 10 қарашадан бастап бейнеролик Facebook және Instagram парақшаларында жарнамалық жылжыту пішінінде шығарылды. Жарнаманың нысаналы аудиториясы қаржыға, банк қызметтеріне, инвестициялауға қызығушылық танытатын 20 жастан жоғары ерлер мен әйелдерден тұрды. Facebook па-

рақшасында бейнероликті көрсету саны барлық кезең ішінде — 180 000, Instagram парақшасында — 225 000 құрады.

2017 жылғы желтоқсан айында «Таңдау құқығы: ҚДКБҚ бірыңғай депозиттік порталды іске қосты» атты мақала 13 аймақтық газетте және «Караван» республикалық газетінде жарияланды. Қараша-желтоқсан айларында Депозиттік порталдың мүмкіндіктері мен пайдаланымдық атқарымына, сондай-ақ ҚДКБҚ болашақтағы жоспарларына арналған мақалалар мен сұхбаттар [Informburo.kz](#), [Kursiv.kz](#), [Forbes.kz](#), [Kapital.kz](#) желілік басылымдарда жарияланды.

Бұдан басқа, жыл ішінде:

- ▶ «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің экономикалық шолуы» басылымында «Депозиттерді сақтандырудың халықаралық тәжірибесі», «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ төленетін банк жарналарын есептеу кезінде банктердің тәуекел-пішіндерін бағалау» атты мақалалар орыс және қазақ тілдерінде жарық көрді;
- ▶ [Forbes.kz](#) желілік басылымда Қор Төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшесі — «ҚДКБҚ» АҚ Тәуелсіз директоры Б.Ш. Тәжияқовтың депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қызметіне және банк депозиторлары үшін банктер бірігуінің залалдарына қатысты пікірі жарияланды.

Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған дәрістер

2017 жылдың бастап ҚДКБҚ Алматы, Астана, Қарағанды және Шымкент қалаларының 17 жоғары оқу орындарында Қазақстан Республикасында депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі туралы орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде

қонақтарға арналған дәрістер өткізді. Тыңдаушылардың жалпы аудиториясы 1 800 адамды құрады, соның ішінде 930 студент — 2017 жылғы қаңтар-сәуір айлары кезінде, 870 студент — қазан-желтоқсан айлары кезінде.

Қаржылық сауаттылықтың мамандандырылған орталықтарымен ынтымақтастық

ҚДКБҚ жүргізетін халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыс саласын кеңейту мақсатында «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің оқу орталығы» АҚ және «Айгүл Абдраимованың қаржылық сауаттылық мектебі» ЖШС-мен халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру саласында ынтымақтастықта болу туралы меморандумдар жасалды. Тараптар, нақтырақ айтқанда, депозиттерге міндетті кепілдік беру және ҚДКБҚ қызметі туралы халықтың хабардар болуына, сондай-ақ халықтың қаржылық сауаттылығын тұтастай арттыруға бағытталған бірлескен бастамалар туралы келісті.

Қазіргі сәтте келесі жұмыстар жүргізілді:

- ▶ «BEREKE» қаржылық сауаттылық Орталығына арналған екі дәріс – ҚР Ұлттық кітапханасының бірлескен әлеуметтік-білім беру жобасы және Айгүл Абдраимованың қаржылық сауаттылық мектебі;
- ▶ Назарбаев Университеті (Астана қ.) және «ҚРҰБ оқу орталығы» АҚ-дағы ҚРҰБ аймақтық филиалдарының студенттері мен қызметкерлеріне үш дәріс.

Банктерде консультаттарды оқыту

2017 жылдан бастап тікелей клиенттермен және салымшылармен өзара байланысатын депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы барлық банктердегі фронт-кеңсе қызметкерлері үшін депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің мәселелері бойынша оқу семинарлары өткізілді. Қатысушы банктердің көпшілігінде сондай-ақ аймақтағы банк қызметкерлерімен те-

леконференц байланыс немесе бейне-/аудио-байланыс параллельді түрде ұйымдастырылды.

Берілген оқу семинарларының жиынтық аудиториясы (қашықтықтағы тыңдаушыларды қоса алғанда) 2017 жылғы жағдай бойынша 1 902 қызметкерді құрады.

NBK Online мобильді қосымшада депозиттер бойынша кепілдік беру туралы бөлім

2017 жылғы 29 маусымда Қор бастамасы бойынша ҚРҰБ «NBK Online» мобильді қосымшасында «Депозиттер бойынша кепілдік беру» бөлімі іске қосылды. Берілген қосымшаны қолданып, пайдаланушылар депозиттер бойынша кепілдік беруге қатысты кез келген сұрақтарды қоя алады. Пайдаланушышылардан сұрақтар түскен кезде ҚДКБҚ мамандары жауап дайындайды. Бөлімнің ашылған сәтінен бастап 27 сұрақ алынды.

«NBK Online» мобильді қосымшасында «Депозиттер бойынша кепілдік беру» бөлімін іске қосуды ақпараттық қолдау үшін танымалы және іскери желілік басылымдарда, әлеуметтік желілерде ақпараттық хабарлама орналастырылды.



Әдіснамалық жұмыс



Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің мақсатын, міндеттері мен функцияларын іске асыру Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленеді. Сәйкесінше, Қор депозиттерге кепілдік беру мәселелері бойынша құқықтық ортаны дамытуға белсенді түрде жұмылдырылған.

Есепті кезең ішінде Қордың ішкі нормативтік құжаттарын жетілдіруге қатысты, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және ҚРҰБ нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлеуге қатысты айтарлықтай әдіснамалық жұмыс жүргізілді.

Заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау мақсатында озық практика мен халықаралық тәжірибенің кейір жекелеген аспектілері зерделенді:

- ▶ депозиттерді сақтандырудың шетелдік ұйымдарындағы салымшылардың ұйқыдағы шоттарын экспроприациялау, нақтырақ айтқанда – Түркияның салымдарға кепілдік беру қорының тәжірибесі;
- ▶ кепілдік берілген өтемді төлеуді жүзеге асыру, кепілдік берілген өтемді төлеуді жүзеге асыруға арналған резерв құру – Әзірбайжанның депозиттерге кепілдік беру қорының тәжірибесі;
- ▶ депозиттерді сақтандырудың шетелдік ұйымдарындағы салық салу, бухгалтерлік есептіліктің түрлі стандарттарын пайдалану;
- ▶ қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдінамасы – Канада, Корея, Малайзия, Жапония және Польшаның депозиттерді сақтандыру ұйымдарының тәжірибесі;
- ▶ қатысушы банктердің жарналарының сараланған мөлшерлемелерін есептеу кезінде реттеушілік бағалауды пайдалану (*Supervisory Review and Evaluation Process, SREP*) – Польша, Түркия, Корея және басқа елдердің депозиттерді сақтандыру ұйымдарының тәжірибесі;
- ▶ шетелдік депозиттерді сақтандыру ұйымдарының қаржылық есептіліктің Халықаралық стандарттарын пайдалану;
- ▶ шетел банктерінің Ресей Федерациясында және Беларусь Республикасында халықтың депозиттері бойынша мөлшерлемені және сыйақыны арттыру практикасы;
- ▶ қайтарып алынбайтын депозиттер нарығын реттеу – АҚШ салымдарын сақтандырудың Федералды корпорациясының тәжірибесі.

Әдіснамалық жұмыс жүргізу аясында Қор ҚРҰБ жетекшілік ететін жұмысқа белсенді түрде қатысты, оның аясында ҚРҰБ-не келесі ұсыныстар жіберілді:

- ▶ проблемалық банктердің қызметін реттеуде, банктердің корпоративтік таратушы функцияларын жүзеге асыруға, сондай-ақ қатысушы банктерде депозиттерге кепілдік беруді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының қосылу Шартының талаптарына сәйкес келуін белгілеу бойынша іс-шаралар жүргізуде банктік құпия объектілерге қолжетімдік беруге қатысуына қарасты Қордың функцияларын жетілдіру. ҚРҰБ және ҚКҚ келісілген және

«Міндетті сақтандыру және қайта сақтандыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасына енгізілген Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне кешенді түзетулер енгізу жобасы әзірленді;

- ▶ 2012 жылғы 26 наурызда Ұлттық Банк басқармасының №137 қаулысымен бекітілген қарыздар мен салымдар бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемелерін (нақты құнын) есептеу Қағидаларына түзетулер енгізу туралы. Жеке тұлғалардың салымдары бойынша әзірленген сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу әдістемесін өзгерту шегінде Қор екінші деңгейдегі банктерге және Қазақстанның қаржыгерлер қауымдастығына Қордың Директорлар кеңесінің 30.10.2006 ж. №32 шешімімен бекітілген міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшерін және төлеу тәртібін анықтау Қағидаларына енгізілген өзгерістерге, және жеке тұлғалардың депозиттері бойынша есептілікті құру және ұсыну тәртібіне қатысты түсініктемелер дайындады. Сонымен бірге, есептілікті ұсынуға қатысты өзгерістерді қолданысқа енгізу мерзімін Ұлттық Банкпен келісу және Қор Акционерімен бекіту бойынша жұмыс жүргізілді;
- ▶ депозиттердің жедел нарығын реттеу, қайтарып алынбайтын депозиттерді енгізу туралы;
- ▶ мәжбүрлеп таратылатын банк салымшыларына кепілдік берілетін өтемді төлеуді, нақтырақ, агент банкті таңдаумен байланысты процедураларға қатысты жүзеге асыру тәртібін жетілдіру туралы;
- ▶ Қосылу шартымен белгіленген, қатысушы банктерде кепілдік берілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының Қор талаптарына сәйкестігін белгілеу тәртібін жетілдіру туралы;
- ▶ «ұйқыдағы» шоттарды – жеке тұлғалардың талап етілмеген шоттарын есепке алуды жетілдіру туралы – банктердегі жеке тұлғалардың талап етілмеген шоттары бойынша мәліметтер жинау және халықаралық тәжірибемен танысу нәтижелері бойынша;
- ▶ кредиттік белсенділік индексімен балама бойынша Депозиттік белсенділік индексін құру және енгізу туралы;
- ▶ ислам банктерінде орналастырылған депозиттерге кепілдік беруді тарату туралы;
- ▶ заңды тұлғалардың (шағын бизнестің әлеуметтік маңызды топтары), жеке кәсіпкерлердің жекелеген санаттарының ағымдағы шоттарына кепілдік беруді тарату туралы;
- ▶ ҚРҰБ–мен өзара ынтымақтастықта болу және ақпарат алмасу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Әдіснамалық жұмыс процесінде Қор ҚРҰБ және ҚКҚ келесі кездесулері мен жұмыс топтарына қатысты, олардың шегінде келесі тиісті ұсыныстар берілді:

- ▶ депозиттердің жедел нарығын реттеу және қайтарып алынбайтын депозиттерді енгізуге қатысты, депозиттік нарықтағы жүйелік тәуекелді реттеу және салымдардың түрлі топтары үшін бенчмарктің түрлі деңгейлерін белгілеуге қатысты жеке тұлғалар депозиттерін әрі қарай дамыту мәселелсі бойынша қолда бар ұсынысты талқылау бойынша;

- ▶ ең жоғарғы орынның қарыз берушісі ретінде ҚРҰБ шұғыл өтімділік шарттарын және ұсыну механизмін әзірлеу мәселелері бойынша;
- ▶ дәрменсіз банктерді қалпына келтірудің институционалдық жүйесін жетілдіру және реттеу мәселелері бойынша, екінші деңгейдегі банктерді сауықтыру, реттеу және тарату шараларын жетілдіру бойынша;
- ▶ халықтың салымдарын сақтандыру жүйелерін құру және олардың қызмет етуі бойынша ЕАЭО мүше елдердің заңнамаларын үйлестіру мәселелері бойынша.

2017 жылдан бастап Қор құрамына Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс комитетінің және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің өкілдері, сондай-ақ ҚРҰБ және Қор өкілдері кірген, қаржылық секторға салық салу мәселелері жөніндегі жұмыс тобының шегінде Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша іс-шараларды жалғастырды. Жұмыс тобы өткізген отырыстар барысында Қорды коммерциялық емес ұйым деп тану және оны корпоративтік табыс салығын төлеуден босату мәселесі талқыланды. Сондай-ақ бұл сұрақ Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі төрағалық еткен жұмыс тобының отырысында да талқыланды. Алайда, салық салу мақсатында Қорды коммерциялық емес ұйым деп тану құпталмады.

Қордың арнайы резервті құруға жатқызылған, бірақ жарғылық капитал мөлшерінің жетпіс пайызынан артық болмайтын шегерістерді белгілеу бойынша ұсынысы ҚРҰБ және жұмыс тобының шегінде, соның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрінің төрағалық етуімен өткен отырыста қаралды.

Есепті кезеңде Қордың әдіснамалық базасын жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілді, оның нәтижелері бойынша келесі жобалар іске асырылды:

- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ Жарғысына өзгерістер (2017 жылғы 27 наурыздағы №227 Акционердің Шешімімен бекітілді);
- ▶ Қосылу шартына өзгерістер (2017 жылғы 3 қазандағы Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді);
- ▶ Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшерін және төлеу тәртібін анықтау қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар (2017 жылғы 22 маусымдағы Директорлар кеңесінің №6 шешімімен бекітілді);
- ▶ Жеке тұлғалардың қайта тартылатын депозиттеріне ең жоғары сыйақы мөлшерлемесінің көлемін анықтау және белгілеу Әдістемесіне өзгерістер (2017 жылғы 22 маусымдағы Директорлар кеңесінің №6 шешімімен бекітілді);
- ▶ Тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыру Қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар (2017 жылғы 14 мамырдағы Директорлар кеңесінің №2 шешімімен бекітілді);
- ▶ Ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, «ҚДКБҚ» АҚ ақпараттық және операциялық жүйелерімен жұмыс мәселелері бойынша жұмысты ұйымдастыру жөніндегі Регламент (2017 жылғы 14 сәуірдегі Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді);
- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ ақпараттық жүйелерін пайдалану кезінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қысқа-

ша ескертпе (2017 жылғы 15 тамыздағы Төрағаның бұйрығымен бекітілді);

- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ серверлерінде, жұмыс станцияларында және белсенді желілік жабдықтарында операциялық жүйелердің нұсқаларын орнату және жаңарту тәртібі (2017 жылғы 1 маусымдағы Төрағаның бұйрығымен бекітілді);
- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ-да ақпараттық жүйелерді әзірлеу, дамыту, аяқтау, енгізу және сүйемелдеу бойынша қағидалар (2017 жылғы 1 маусымдағы Төрағаның бұйрығымен бекітілді);
- ▶ ҚДКБҚ» АҚ ақпараттық жүйелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидалары (2017 жылғы 13 маусымдағы Төрағаның бұйрығымен бекітілді);
- ▶ ҚДКБҚ» АҚ ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу және дамыту бойынша қызметтер құнын есептеу Әдістемесі (2017 жылғы 15 тамыздағы Төрағаның бұйрығымен бекітілді);
- ▶ Мәжбүрлеп таратылатын банктің кепілдік берілетін депозиттері бойынша кепілдік берілген өтемді есептеуге берілген жұмысты, сақтауды, өзгертуді және рұқсат етуді беру Тәртібі (2017 жылғы 22 маусымдағы Төрағаның бұйрығымен бекітілді);
- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ-да қорғауға жататын мәліметтердің сақталуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету бойынша Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар (2017 жылғы 30 маусымдағы Директорлар кеңесінің №7 шешімімен бекітілді);
- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ Есеп саясаты (2017 жылғы 31 тамыздағы Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді);
- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ Салықтық есепке алу саясаты (2017 жылғы 30 қарашадағы Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді);
- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ-да тауар-материалдық қорлармен, негізгі құралдармен және материалдық емес активтермен жүргізілетін операцияларды есепке алу жөніндегі Нұсқаулық (2017 жылғы 20 маусымдағы Төрағаның бұйрығымен бекітілді);
- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ теңгерімінен монетарлық емес қызметтің нәтижесінде пайда болған негізгі құралдар, материалдық емес активтер, қорлар және дебиторлық берешек объектілерін шығару және шығысқа шығару туралы Қағидалар (2017 жылғы 3 қазандағы Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді);
- ▶ Дебиторлық берешекті мойындау тәртібі туралы Нұсқаулық (2017 жылғы 30 қарашадағы Төрағаның бұйрығымен бекітілді);
- ▶ IADI мүшелерінің халықаралық практикасын ескере отырып, ҚЕХС 9 «Қаржы құралдары» халықаралық стандарттарға көшу шегінде әзірленген, Қордың бағалау резервтері мен міндеттемелер шарттарын есепке алуды бағалау, мойындау және көрсету әдістемесінің жобасы;
- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу тәртібі туралы Нұсқаулық (2017 жылғы 6 наурыздағы Төрағаның №30 бұйрығымен бекітілді);
- ▶ «ҚДКБҚ» АҚ қызметкерлерін іс-сапарларға және оқуға жіберу туралы Нұсқаулық (2017 жылғы 31 тамыздағы Директорлар кеңесінің №10 шешімімен бекітілді);
- ▶ Мәжбүрлеп таратылған депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктің кредиторлар комитетінің отырыстарына «ҚДКБҚ» АҚ қатысу Тәртібі (2017 жылғы 28 сәуірдегі Төрағаның №52 бұйрығымен бекітілді);

- ▶ ҚДКБҚ» АҚ ақпараттық жүйелерін әзірлеу, дамыту, аяқтау, енгізу және сүйемелдеу Қағидалары (2017 жылғы 1 маусымдағы Төрағаның бұйрығымен бекітілді);
- ▶ ҚДКБҚ» АҚ іс жүргізу бойынша Нұсқаулық (2017 жылғы 22 мамырдағы Төрағаның бұйрығымен бекітілді);
- ▶ ҚДКБҚ» АҚ есептілікті ұсыну Регламенті және ҚДКБҚ» АҚ есептер Тізбесі (2017 жылғы 24 мамырдағы Төрағаның бұйрығымен бекітілді);
- ▶ Қордың барлық бағыттары бойынша қызметін жақсарту мақсатында Қор бөлімшелерінде жұмыстың тиімділігін бағалау өлшемшарттары;
- ▶ ҚДКБҚ» АҚ-да жұмысқа қабылдау Ережелері (2017 жылғы 9 наурыздағы Төраға бұйрығымен бекітілді);
- ▶ ҚДКБҚ» АҚ қызметкерлеріне аттестаттау жүргізу Ережелері (Қор Төрағасының 2017 жылғы 10 наурыздағы бұйрығымен бекітілді);
- ▶ ҚДКБҚ» АҚ-да кәсіби практика өту Тәртібі (2017 жылғы 10 наурыздағы Төраға бұйрығымен бекітілді);
- ▶ ҚДКБҚ» АҚ қызметкерлерінің қызметтік іс-сапарлары бойынша Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар (2017 жылғы 31 тамыздағы Директорлар кеңесінің №10 шешімімен бекітілді);
- ▶ ҚДКБҚ» АҚ қызметкерлеріне сыйақы беру Ережелері (2017 жылғы 31 қазандағы Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді);
- ▶ ҚДКБҚ» АҚ корпоративтік төлем картасын ашу, пайдалану және жабу Тәртібі (2017 жылғы 8 маусымдағы Төрағаның бұйрығымен бекітілді).

Бұдан басқа, есепті кезең аяқталған соң Қордың 2017–2019 жылдарға арналған даму бағыттарын орындау, 2017 жылға арналған Қор бөлімшелерінің жұмыс жоспарын орындау бойынша есептері дайындалды, сонымен қатар Қордың 2018 жылға жұмыс жоспары және 2018–2020 жылдар. Қордың даму Стратегиялық бағыттары дайындалды.



Халықаралық ынтымақтастық

Қор Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығының 2003 жылдан бері мүшесі болып табылады және Қауымдастықтың бірқатар комитеттеріне және ішкі комитеттеріне қатысады:

- ▶ Аймақтық комитеттерде — Еуразиялық, Азия-Тынық мұхиттық;
- ▶ Оқыту және техникалық ықпалдасу жүргізу жөніндегі Кеңесшілік комитетінде (Training and Technical Assistance Council Committee);
- ▶ келесі техникалық комитеттерде:
 - оқыту және конференциялар жүргізу жөніндегі (Training and Conference Technical Committee);
 - техникалық ықпалдасу жөніндегі (Technical Assistance Technical Committee);
 - ислам банктерінде орналастырылған депозиттерді сақтандыру жөніндегі (Islamic Deposit Insurance Technical Committee).

Қор депозиттерге кепілдік беру және проблемалық банктерді реттеу механизмдерінің түрлі салаларында маманданатын IADI зерттеулер және негізге алынатын қағидаттар бойынша (Core Principles and Research Council Committee) IADI Кеңес-

шілік комитетінің техникалық комитеттерінің жұмысына белсенді түрде тартылды:

- ▶ лицензиядан айрылған банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке бір реттік беру операцияларын жүргізу (Purchase and Assumption Technical Committee);
- ▶ депозиттерді сақтандыру ұйымдары арнайы резервінің мақсатты өлшемін белгілеу (Deposit Insurance Fund Target Ratio Technical Committee);
- ▶ тарату массасынан алынған депозиттерге кепілдік беру бойынша ұйымның жұмсаған қаражатын өндіріп алу (Recoveries from Assets of Failed Banks Technical Committee);
- ▶ халықты қаржылық қызметтермен және инновациялық банк өнімдерімен қамту (Financial Inclusion and Innovation Technical Committee).

Қор IADI, Қауымдастықтың аймақтық және техникалық комитеттерімен жүргізілетін маңызды халықаралық іс-шаралары мен зерттеулеріне қатысады.

Депозиттерді сақтандыратын шетелдік ұйымдармен ынтымақтастық

2017 жылы Қор депозиттерге кепілдік беру бойынша жекелеген шетелдік ұйымдармен екіжақты ынтымақтастықты нығайту саласында жұмыс жүргізді. 2017 жылғы 5 қыркүйекте, Алматы қ. халықаралық семинар және конференция өткізу кезінде Қор мен Беларусь Республикасының кепілдік берілген салымдарын өтеу бойынша Агенттігі (БРСКӨА) арасында өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Сондай-ақ 2017 жылы төртінші тоқсанда Индонезияның депозиттерді сақтандыру корпорациясымен (Indonesia Deposit Insurance Corporation, IDIC), Филиппин Республикасының депозиттерді

сақтандыру корпорациясымен (Philippine Deposit Insurance Corporation, PDIC) ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы меморандум жобалары дайындалды.

2017 жылы мамыр айында Қорға Ресей Федерациясының салымдарды сақтандыру бойынша агенттігінің өкілдері сапармен келіп, Қор қызметкерлерімен мәжбүрлеп таратылатын банктердің активтерін қайтару саласындағы бағалы тәжірибелерімен бөлісті.

Халыаралық іс-шараларға қатысу

2017 жылы 15–16 ақпанда Қор өкілдері тәуекел-менеджмент жүйесі, міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелерінің жүйесі туралы тұсаукесермен IADI Атқарушы кеңесінің 51-ші отырысына және Токио қ. (Жапония) IADI Азия-Тынық мұхиттық аймақтық комитетінің техникалық семинарына қатысты.

29 мамыр – 3 маусымда Қор өкілдері IADI Атқарушы кеңесінің 52-ші отырысына және Базель қ. (Швейцария) халықаралық зерттеу конференциясына қатысты.

Осы іс-шаралар барысында IADI тұрақты және аймақтық комитеттерінің отырыстары өткізілді, оларға Қор: Еуразиялық және

Азия-Тынық мұхиттық аймақтық комитеттерінің, сонымен қатар дерекқорды қалыптастыру және зерттеулер жүргізу бойынша, зерттеулер мен әдіснама бойынша, лицензиядан айрылған банктің активтері мен міндеттемелерін бір реттік беру мәселелері бойынша тұрақты комитеттердің жұмысына қатысты, сонымен бірге халықты қаржылық қызметтермен және инновациялық банк өнімдерімен қамту бойынша IADI ішкі комитетінің отырыстарына қатысты.

2017 жылғы 16–20 шілдеде Қор өкілдері Жылдық жиналысқа және Джакарта қ. (Индонезия) өткен IADI Азия-Тынық мұхиттық аймақтық комитетінің халықаралық конференциясына

қатысты, онда Алматы қ. өтетін халықаралық семинар мен конференцияның тұсаукесері өткізілді.

2017 жылғы 8–13 қазанда Қор өкілдері Жалпы жылдық жиналысқа және Квебек қ. (Канада) өткен IADI халықаралық конференциясына қатысты, онда IADI Еуразиялық және Азия–Тынық мұхиттық аймақтық комитеттерінің жиналыстарында Қордың 2017 жылғы қызметінің жетістіктері мен нәтижелері, соның ішінде 2017 жылғы 4–5 қыркүйекте Алматы қ. өткен халықаралық семинар мен конференцияның қорытындылары ұсынылды.

Халықаралық іс-шараларға қатысу

Есепті жылы Қор IADI құжаттарының бірқатар жобаларын талқылауға қатысты:

- ▶ лицензиядан айрылған банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке бір реттік беру мәселелері бойынша IADI зерттеу құжаты;
- ▶ проблемалық банктердің міндеттемелерін қайта құрылымдау мәселелері бойынша IADI зерттеу құжаты.

IADI қатысушы ұйымдардың зерттеу бастамалары шегінде жауаптар әзірленді:

- ▶ 2017 жылғы IADI жылдық сауалнамасы – 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша депозиттерге кепілдік беру жүйелері бойынша кешенді зерттеу;
- ▶ депозиттерді сақтандыру ұйымдарының мемлекеттік саясат мақсаттары бойынша IADI Зерттеу комитетінің сауалнамасы;
- ▶ жүйелік тәуекелдерді басқару және жүйелік дағдарыстарға қарсы әрекет ету бойынша IADI Хатшылығының сауалнамасы;
- ▶ жеке тұлғалардың депозиттері мен оны анықтау ерекшеліктері бойынша кепілдік берілген өтемнің ең жоғарғы сомасына қатысты Индонезияның депозиттерді сақтандыру Корпорациясының (IDIC) сауалнамасы.

IADI Еуразиялық және Азия-Тынық мұхиттық аймақтық комитеттеріне қатысу аясында тоқсан сайын атқарылған жұмыс туралы есепті тоқсанға берілген есептер әзірленді және депозиттерді сақтандыру хатшылығы – берілген аймақтық комитеттердің Төрағаларына (сәйкесінше Түркия және Жапонияның) ұсынылды.

Бұдан басқа, есепті жылы Қор бірқатар салаларда озық халықаралық тәжірибемен танысу мақсатында IADI барлық мүшелері арасында бірнеше сауалнама жүргізуге өз бетінше бастама жасады:

- ▶ депозиттерді сақтандырудың шетелдік ұйымдарындағы, нақтырақ – Түркияның салымдарға кепілдік беру қорының (SDIF) тәжірибесіне қатысты, салымшылардың ұйқыдағы шоттарын экспроприациялау;
- ▶ Әзірбайжанның депозиттерге кепілдік беру қорында (ADIF) кепілдік берілген өтем төлеуді жүзеге асыру, тарату

процедураларын жүргізу, кепілдік берілген өтемді төлеуді жүзеге асыру үшін резерв қалыптастыру;

- ▶ шетелдік депозиттерді сақтандыру ұйымдарына салық салу, бухгалтерлік есептіліктің түрлі стандарттарын пайдалану;
- ▶ қатысушыбанктердің міндетті күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдіснамасы – Польшаның Банктік кепілдік беру қорының тәжірибесі (BGF Poland);
- ▶ шетелдік депозиттерді сақтандыру ұйымдарының қаржылық есептіліктің Халықаралық стандарттарын пайдалану;
- ▶ жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеуде реттеушілік бағалауды пайдалану – Польшаның Банктік кепілдік беру қорының тәжірибесі (BGF Poland);
- ▶ шетелдік банктердің Ресей Федерациясында және Беларусь Республикасында жеке тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін арттыру тәжірибесі.

1 қаңтардан 20 шілдеге дейінгі мерзім ішінде Қор стратегиялық басымдықтарды қалыптастыру және IADI Азия–Тынық мұхит аймақтық комитеті (Strategic Priorities and Action Plans Committee) қызметін жоспарлау мәселелері бойынша Бастамашыл комитеттің бірнеше телеконференцияларына қатысты және комитет жоспарының алдағы кезеңіне жүйелі түрде пікірлер ұсынып отырды.

Шетелдік депозиттерді сақтандыру ұйымдарымен ынтымақтастықта болу аясында ҚДКБҚ өкілдері есепті жылдың қараша айында Швейцарияның депозиттерді сақтандыру Қорының (esisuisse) сұрауы бойынша телефон жедел желісінің жұмысының тиімділігін тестілеуге қатысты, өткізілген тестілеу нәтижелері бойынша онлайн-есеп ұсынды.

Есепті жылдың соңғы тоқсанында Қор IADI үш жаңа техникалық комитетіне кіру туралы өтінім берді:

- ▶ оқыту және конференциялар өткізу мәселелері бойынша, және;
- ▶ техникалық ықпалдасу мәселелері бойынша;
- ▶ оқыту және техникалық ықпалдасу мәселелері бойынша Кеңесшілік комитетіне.

Қордың барлық өтінімдері IADI Хатшылығымен мақұлданды.



2017 жылғы әлеуметтік бастамалар

Әлеуметтік қайырымдылық жобасы ретінде Жаңа жылға ҚДКБҚ ұжымынан «Мен сенімен біргемін» атты балалар хосписіне көмек ретінде ақшалай қаражат берілді. Бұл қаражатқа стационардың барлық палаталарына оттегі беруге арналған жабдық сатып алынды.

Балалар хосписі жасы 18 дейінгі жазылмас дертке ұшыраған балалар мен олардың отбасыларына әлеуметтік, медициналық, психологиялық және рухани көмек көрсетеді. Хоспис стационарында ауыр науқас балалардың ата-аналары демалу немесе күнделікті мәселелерді шешу мүмкіндігін беруге арналған паллиативтік көмек көрсетіледі. Балалар хосписі өзіне уақытша науқас балаға күтім жасау бойынша жауапкершілікті алады.

Спорт жарыстарына қатысу

2017 жылы Қордың 6 қызметкері Әл Фараби даңғылы – Медеу бағыты бойынша веломарафонға қатысты. Велотурды Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұйымдастырды. Веломарафонға Ұлттық Банк Төрағасы Данияр Талғатұлы Ақышев қатысты. Барлығы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің және оның ұйымдарының 100 қызметкері қатысты.

«Мен сенімен біргемін» атты балалар хосписі – бұл қатерлі ісікке шалдыққан балаларға көмек көрсететін, Қазақстандағы алғашқы балалар хосписі. Хоспистің философиясы – өмір сүру. Ол жеке күтім жасаудың және айналасындағылардың қамқорлығының арқасында балалар мен олардың жақындары аурудың соңғы күндерін жеңілдету, толыққанды өмір сүру мүмкіндігін беру.

ҚДКБҚ қызметкерлері жыл сайын Ұлы Отан соғысының ардагерлерін Жеңіс Күнімен құттықтайды. 2017 жылы ҚДКБҚ ұжымы Еңбекші қазақ ауданында тұратын Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін құттықтады, оларға құттықтау қағаздары және ақшалай қаражат тапсырылды.

Жарыс қорытындысы бойынша Кепілдік берілген өтем төлеуді ұйымдастыру департаментінің қызметкері «Медеу қашықтығы» тау велосипедтері бөлімінде 5 орынға ие болды.



Тәуелсіз аудиторлар есебі

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ

Аудит нәтижелері бойынша қорытынды

Пікір

Біз «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қор») 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы туралы есептіліктен, капиталдағы өзгерістер туралы есептіліктен және осы күні аяқталатын жыл үшін ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есептіліктен, сонымен қатар есеп саясатының негізгі ережелерін қысқаша шолудан және басқа түсініктеме ескертпелерден тұратын есептілігінің аудитін жүргіздік.

Біздің ойымызша, тіркеліп отырған қаржылық есептілік 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша барлық маңызды аспектілерде Қордың қаржылық жағдайын, сонымен қатар оның қызмет ету қаржылық нәтижелері, осы күні аяқталатын жыл үшін ақшалай қаражаттардың қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес көрсетеді.

Пікірді білдіруге негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргіздік. Біздің міндеттеріміз осы стандарттарға сәйкес әрі қарай біздің қорытындымыздың «Аудиттің қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі» бөлімінде анық сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған әдептің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес кәсіби бухгалтерлердің Әдеп кодексіне (БӨХС Кодексі) және Қазақстандағы қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Қорға қатысты тәуелсізбіз, және бізбен осы талаптарға және Бухгалтерлерге арналған әдептің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес кәсіби бухгалтерлердің Әдеп кодексіне сәйкес өзге әдеп міндеттер орындалды. Бізбен алынған аудиторлық дәлелдер жеткілікті және біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болуға лайық деп есептейміз.

Өзге ақпарат

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және осы мерзімде аяқталған жыл үшін «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның қаржылық есептілік аудиті, 2017 жылғы 28 ақпандағы қаржылық есептілікте ескертпей өз пікірін білдірген басқа аудитор жүзеге асырды.

Ұжымдық басқару, қаржылық есептілік үшін жауапты болып табылатын басшылық пен тұлғалардың жауапкершілігі

Қор басшылығы ХҚЕС сәйкес аталған қаржылық есептемесін дайындау мен оның дұрыстығы үшін және басшылық қаржылық есептемесін дайындау үшін қажетті деп санайтын, жауапсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан маңызды ауытқулары жоқ ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болып табылады.

Қаржылық есептемесін дайындау кезінде басшылық Қордың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілеттілігін бағалау үшін, үздіксіз қызмет етуге қатысты мәліметтердің сәйкес жағдайын ашу үшін, және басшылық Қорды жоюға, оның қызметін тоқтатуға немесе онда жою мен қызметті тоқтатудан басқа қандай да бір өзге нақты балама жоқ болған кезде ниеттенген жағдайлардан басқа қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдар негізінде есепті құрастыру үшін жауапты болып табылады.

Ұжымдық басқаруға жауапты тұлғалар Қордың қаржылық есептемесін дайындауды қадағалау үшін жауапты болып табылады.

Аудитордың қаржылық есептемесінің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз, қаржылық есептемесінде және біздің пікірімізден тұратын аудиторлық қорытынды баспасында жауапсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан маңызды ауытқулар жоқ деген қисынды сенімді алудан тұрады. Қисынды сенім сенімнің жоғарғы дәрежесін көрсетеді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит үнемі маңызды ауытқулар бар болған жағдайда оларды толық көрсетеді деген кепіл бере алмайды. Ауытқулар жауапсыз әрекеттер немесе қателіктер нәтижесі болуы мүмкін және олар жеке немесе бірігіп, осы қаржылық есептеме негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер ете алады деп негіздеп болжауға мүмкіндік болса, маңызды деп саналады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит аясында біз кәсіби пікірді қолданамыз және аудит кезінде кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар біз келесіні орындаймыз:

- ▶ Жауапсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептеменің маңызды ауытқуларын анықтаймыз және тәуекелдерін бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық жосықтарды жетілдіреміз және дайындаймыз; біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз.

Жауапсыз әрекеттер нәтижесінде маңызды ауытқуды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесіндегі маңызды ауытқуды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені жауапсыз әрекеттер келісімнен, алдаудан, қасақана өткізуден, ақпаратты бұрмалап ұсынудан немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс әрекеттерден тұруы мүмкін:

- ▶ мақсаты Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді айту емес, жағдайларға сәйкес аудиторлық жосықтарды жетілдіру мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ақпаратты сәйкес ашуды бағалаймыз;
- ▶ басшылықпен қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдарды қабылдау құқыққа сәйкестілігі туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – нәтижесінде Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілеттілігінің маңызды күмәні пайда болатын оқиғалар немесе жағдайларға байланысты маңызды тұрлаусыздық бар ма деген тұжырым жасаймыз. Егер біз маңызды тұрлаусыздықтың бар болуы туралы тұжырымға келсек, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызға қаржылық есептемедегі ақпаратты сәйкес ашылуына назар аудартуымыз қажет, немесе егер ақпаратты осылай ашу тиісті болса, ойымызды түрлендіруіміз қажет. Біздің тұжырымдарымыз біздің аудиторлық қорытынды күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда келешек оқиғалар немесе жағдайлар Қор өзінің үздіксіз қызметін жалғастыру қабілеттілігін жоғалтуға келтіруі мүмкін;
- ▶ жалпы қаржылық есептемесін, оның құрылымы мен мазмұнын, соның ішінде ақпаратты ашу, сонымен қатар қаржылық есептемеде оның негізіндегі операциялар мен оқиғалар оларды толық ұсыну қамтылатындай көрсететіндігін бағалаймыз.

Біз ұжымдық басқару үшін жауапты тұлғалармен, оларға өзгеден басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімі туралы ақпаратты, сонымен қатар аудит нәтижелері бойынша маңызды ескертулер туралы, соның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің маңызды кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізіп, ақпараттық әрекет жасаймыз.

Нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы қорытындысы шығарылған аудитті жүргізу үшін жауапты жобаның жетекшісі, – Ирина Литвинчик.

Ирина Литвинчик
ҚР аудиторларын аттестаттау бойынша
Біліктілік комиссиямен 22.12.2014 ж.
берілген
№ 0000223 Аудитордың біліктілік куәлігі.

«BDO Kazakhstan» ЖШС
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық
бақылау комитетінің аудиторлық қызметпен айналысуға
берілген 2015 жылғы 19 ақпандағы № 15003448 мемлекеттік
лицензиясы.

Омаров Т.А
«BDO Kazakhstan» ЖШС директоры

Алматы қ.,
28 ақпан 2018 жыл

Қаржылық жағдай туралы есептілік (мың Қазақстандық теңгемен)

	Ескертпе	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жыл
АКТИВТЕР:			
Ақшалай қаражат және оның баламалары	5,17	176 839 706	64 459 519
Сату үшін қолда бар құнды қағаздар	6,17	506 377 544	514 593 725
Дебиторлық қарыз	7,17	5 538 770	3 638 133
Өзге активтер	8,17	963 862	959 934
Барлық АКТИВТЕР		689 719 882	583 651 311
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ:			
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Өзге міндеттемелер	9,17	93 398	614 843
Барлық міндеттемелер		93 398	614 843
КАПИТАЛ:			
Жарғылық капитал	10	235 794 400	214 358 600
Эмиссиялық табыс		6	-
Сату үшін қолда бар құнды қағаздар тапшылығы		(32 418 847)	(44 067 323)
Резервтік капитал		2 143 586	1 948 716
Орналастырудың арнайы резерві	19	459 135 686	395 247 203
Таратылмаған пайда		24 971 653	15 549 272
Барлық капитал		689 626 484	583 036 468
Барлық МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ		689 719 882	583 651 311

Қор басшылығының атынан:

Қоғылов Б.Б.
Қордың Төрағасы

Пичитаева А.А.
Бас бухгалтер

28 ақпан 2018 ж.

Пайда және шығын және өзге жиынтық табыс туралы есептілік (мың Қазақстандық теңгемен)

	Ескерт- пе	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жыл
Пайыздық табыс	11,17	39,153,257	33,532,694
Қатысушы-банктердің жарналарынан және тарату комиссиясының түсімдерінен түскен табыс	12	35,363,538	36,088,893
Таратылған банктердің депозиттерін өтеу бойынша шығындар	12	(29,457)	(14,322)
Шетелдік валюта бойынша операциялар бойынша таза шығын	13	(379,454)	(2,810,391)
Өзге табыс/(шығындар)		71	9
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС ТАБЫС		34,954,698	33,264,189
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫНДАР	14,17	(603,310)	(593,824)
САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА		73,504,645	66,203,059
Пайдаға салық салу бойынша шығын	15,17	1,089	(1,179,216)
ТАЗА ПАЙДА		73,505,734	65,023,843
Қатысушы-банктердің жарналарынан және тарату комиссиясының өтеу резервіне түсімдерінен түскен таза пайданы міндетті тарату арнайы резервке орналастыру комиссиясы		(35,334,081)	(36,074,571)
МІНДЕТТІ ТАРАТУДАН КЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙДА		38,171,653	28,949,272
ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС/(ШЫҒЫН)			
Пайда мен шығындар құрамына жіктелетін баптар:			
Салықты шегергеннен кейін сату үшін қолдағы бар құнды қағаздарды әділ құн бойынша қайта бағалаудың таза шығыны – нөл теңге		11,648,476	(24,556,122)
ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС		11,648,476	(24,556,122)
БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС		49,820,129	4,393,150

Қор басшылығының атынан:

Қоғылов Б.Б.
Қордың Төрағасы

Пичитаева А.А.
Бас бухгалтер

28 ақпан 2018 ж.

Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есептілік (мың Қазақстандық теңгемен)

	Ескерт- пе	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Міндетті күнтізбелік жарналардың түсуі		32,684,326	33,610,381
Мәжбүрлеп жойылған банктің тарату комиссиясынан түсімдер	12	240,000	697,646
Орналасырылған салымдар бойынша түсімдер		9,640,824	10,920,615
Сату үшін құнды қағаздар бойынша алынған сыйақы		24,213,815	20,531,272
"кері РЕПО" операциялары бойынша алынған сыйақы	11	65,942	318,985
Өзге түсімдер		146,410	251,597
Жеткізушілерге тауарлар мен қызметтер үшін төлемдер		(182,486)	(183,699)
Иссапарлық шығындар бойынша төлемдер		(11,139)	(8,688)
Еңбекақы бойынша төлемдер		(305,509)	(287,390)
Басқа салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер		(96,635)	(103,617)
Жойылатын банктің депозиттерді өтеу бойынша төлемдер		(30,671)	(14,322)
Өзге төлемдер		(689)	(6,457)
Операциялық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың таза ағымы		66,364,188	65,726,323
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Қолдағы сатылымға арналған құнды қағаздарды өтеуден түскен түсім		619,485,047	294,151,950
Қолдағы сатылымға арналған құнды қағаздарды сатып алу		(594,904,848)	(394,463,458)
Негізгі құралдарды сатып алу		-	(13,176)
Материалдық емес активтерді сатып алу		-	(5,492)
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза (жылыстауы)/түсімі		24,580,199	(100,330,176)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Қарапайым акциялар шығару	10	21,435,800	19,487,000
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза түсімі		21,435,800	19,487,000
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫН ТАЗА (АЗАЙТУ)/АРТТЫРУ		112,380,187	(15,116,853)
Ақшалай қаражат және оның баламаларына шетелдік валюта бағамы өзгерісінің әсері		-	-
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жылдың басында	5	64,459,519	79,576,372
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жылдың соңында	5	176,839,706	64,459,519

Қор басшылығының атынан:

Қоғылов Б.Б.
Қордың Төрағасы

Пичитаева А.А.
Бас бухгалтер

28 ақпан 2018 ж.

Капиталдағы өзгерістер туралы есептілік (мың Қазақстандық теңгемен)

	Ескерт- пе	Жарғылық капитал	Сатылымға бар құнды қағаздар- ды қайта бағалау тапшылығы	Резервтік капитал	Өтеудің арнайы резерві	Таратыл- маған пайда	Жиыны
31 желтоқсан 2015 жыл		194,871,600	(19,511, 201)	1,771,560	270,056,516	75,893,272	523,081,747
Міндетті таратудан кейінгі таза пайда		-	-	-	-	28 949 272	28,949,272
Өзге жиынтық шығын		-	(24,556,122)	-	-	-	(24,556,122)
Қарапайым акциялар шығару	10	19 487 000	-	-	-	-	(19,487,000)
Резервтік капиталға ауыстыру		-	-	177,156	-	(177,156)	-
Өтеудің арнайы резервін қалыптастыру		-	-	-	89,116,116	(89,116,116)	-
Қатысушы-банктердің жарналарынан таза табысты міндетті тарату	12	-	-	-	36,088,893	-	36,088,893
«Валют-Тразит Банк» АҚ салымшыларына төлемдер	12	-	-	-	(14,322)	-	(14,322)
31 желтоқсан 2016 жыл		214,358,600	(44,067,323)	1,948,716	392,247,203	15,549,272	583,036,468
Міндетті таратудан кейінгі таза пайда		-	-	-	-	38,171,653	38,171,653
Меншік иелеріне жарналар		6	-	-	-	-	6
Өзге жиынтық табыс		-	11,648,476	-	-	-	11,648,476
Қарапайым акциялар шығару	10	21,435,800	-	-	-	-	21,435,800
Резервтік капиталға ауыстыру		-	-	194,870	-	(194,870)	-
Өтеудің арнайы резервін қалыптастыру		-	-	-	28,554,402	(28,554,402)	-
Қатысушы-банктердің жарналарынан таза табысты міндетті тарату	12	-	-	-	35,363,538	-	35,363,538
«Валют-Тразит Банк» АҚ салымшыларына төлемдер	12	-	-	-	(29,457)	-	(29,457)
31 желтоқсан 2017 жыл		235,794,406	(32,418,847)	2,143,586	459,135,686	24,971,653	689,626,484

Қор басшылығының атынан:

Қоғылов Б.Б.
Қордың Төрағасы

Пичитаева А.А.
Бас бухгалтер

28 ақпан 2018 ж.

Қысқартулар

АТМАК	ДСЖХҚ Азия–Тынық Мұхиты аймақтық комитеті
Агент-банк	Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын және депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйыммен жасалған келісімнің негізінде депозиторларға кепілдік берілген өтем төлеу жөніндегі рәсімдерді орындайтын банк
Қатысушы банк	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі, депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы
ЕААК	ДСЖХҚ Еуразиялық аймақтық комитеті
Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заң	«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының заңы
ДСЖХҚ	Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы (International Association of Deposit Insurers, IADI)
Сәйкестілікті орнату бойынша іс-шаралар	ДМКЖ қатысушы банктердегі Қордың талаптарына кепілдік берілген депозиттердің автоматтандырылған есебі бойынша деректер базасының Қордың талаптарына сәйкестігін анықтау бойынша іс-шаралар
Салық кодексі	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексі
Ұлттық Банк	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Негізге алушы қағидаттар	Депозиттерді тиімді сақтандыру жүйесі үшін ДСЖХҚ негізге алушы қағидаттары
ЗТҰ	Заңды тұлғалар ұйымы
ДКБЖ	Қазақстан Республикасының міндетті депозиттерге кепілдік беру жүйесі
ҚДКБҚ, Қор	«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ



KDIF ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

2017